

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы N 167 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.07.21 № 118 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" толық мәтіні және республикалық баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Елдің орнықты дамуы және халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы (бұдан әрі - Стратегия) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) жыл сайын 30 қаңтарға Мемлекет басшысын Стратегияның орындалу барысы туралы хабардар етсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 28 тамыздағы

N 167 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму СТРАТЕГИЯСЫ

Астана, 2006 жыл

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларынан:

"Қазақстан бүгін Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялар легінің түйіскен тұсында тұр. Біздің міндет - осынау бірегей геосаяси жағдайымызды өз еліміз бен халықаралық қоғамдастықтың мүддесі үшін ұтымды пайдалану."

"Бүгінгі таңда тұтас алғанда еліміздегі экономикалық жаңарудың "локомотиві" болуға қабілетті дамыған өңірлік орталықтардың экономикалық қызметін жандандыруға, сондай-ақ өңірлердің ұтымды экономикалық мамандануын қалыптастыруға бағытталған осы заманғы жаңа аумақтық даму стратегиясы қажет."

Мазмұны

К і р і с п е

1. Ағымдағы ахуалды талдау
2. Стратегияның мақсаты мен басымдықтары
3. Стратегияны іске асырудың негізгі бағыттары
 - 3.1. Елдің өңірлік және әлемдік экономикаға ұстанымдануы
 - 3.2. Елді және таратып орналастыру жүйесін аумақтық ұйымдастыру перспективалары
 - 3.2.1. Өсу полюстерін қалыптастыру
 - 3.2.1.1. Жалпыұлттық және Орталық Азия деңгейлеріндегі көшбасшы қалалар мен өңірлер қалыптастыру
 - 3.2.1.2. Тірек қалаларды дамыту
 - 3.2.2. Басқа басым аумақтарды дамыту
 - 3.2.2.1. Шекара маңындағы аумақтарды дамыту
 - 3.2.2.2. Ауылдық аумақтарды дамыту
 - 3.2.2.3. Қолайсыз аумақтардың проблемаларын шешу
 - 3.2.3. Таратып орналастыру жүйесі мен аумақтардың құрылымы
 - 3.3. Аумақтарды экономикалық ұйымдастыру
 - 3.3.1. Аумақтардың ресурстық әлеуетін ұтымды пайдалану

- 3.3.2. Еңбекті республикалық, өңірлік және халықаралық бөлуде аумақтарды бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандыру
- 3.3.3. Аумақтық дамуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету
 - 3.3.3.1. Инновациялық инфрақұрылым
 - 3.3.3.2. Көлік-коммуникациялық инфрақұрылым
 - 3.3.3.3. Тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылым
 - 3.3.3.4. Су шаруашылығы инфрақұрылымы
 - 3.3.3.5. Әлеуметтік инфрақұрылым
 - 3.3.3.6. Туристік-рекреациялық инфрақұрылым
- 3.4. Аумақтардың экологиялық жай-күйін жақсарту
- 3.5. Аумақтық дамуды институционалдық қамтамасыз ету
 - 3.5.1. Аумақтық дамуды жоспарлау жүйесін жетілдіру
 - 3.5.2. Инфрақұрылымды дамытуды реттеу тетіктерін жетілдіру
 - 3.5.3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру
- 4. Күтілетін нәтижелер

Кіріспе

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанның аумақтық дамуы бұрынғы КСРО-ның біртұтас халық шаруашылығы кешенінің шеңберінде айқындалды және орталықтандырылған директивті жоспарлау негізінде жүзеге асырылды.

Нарықтық экономиканың жұмыс істеу жағдайында экономикалық әлеуетті дамыту мен орналастыру және халықты таратып орналастыру мәселелері негізінен нарықтық тетіктер арқылы айқындалады.

Сонымен қатар, мемлекет елдің орнықты экономикалық дамуы, халықтың қолайлы тыныс-тіршілігі және бар ресурстық әлеуетті ұтымды пайдалану үшін жүйелі жағдайды қамтамасыз етуге тиіс.

Тиісінше мемлекеттің аумақтық даму процестерін реттеудегі міндеттері өзгеруге тиіс.

Қазіргі кезеңде мемлекет міндеттері экономика мен еңбек ресурстарын экономикалық тұрғыдан перспективалы аудандарға және тыныс-тіршілік үшін қолайлы табиғи-климаттық аймақтарға шоғырландыруды ынталандыруға, нарық субъектілерінің экономикалық белсенділігін өсіру үшін жағдайлар жасауға және әлемдік шаруашылық жүйесіне үйлесімді кіріктірілген біртұтас ішкі экономикалық кеңістікті қалыптастыруға келіп тіреледі.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру елді дамытудың геоэкономикалық және геосаяси факторларын ескеруге тиіс. Жаһандану мен халықаралық бәсекелестіктің күшеюі елдің әлемдік нарықтарға ұстанымдануының тиімді стратегиясын тұжырымдауды талап етеді.

Өңірлер мен ірі қалалар бәсекелік стратегияны тұжырымдаумен, еңбек бөлінісінің ұлттық қана емес, өңірлік және әлемдік жүйесінен де орын іздеумен айналысуға тиіс.

Осы Стратегия, экономикалық кеңістіктік және халықты таратып орналастыруды қалыптастыруды, кластерлерді қалыптастырумен өзара байланыстыра отырып аумақтарды инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді қоса алғанда, елдің аумақтық дамуының стратегиялық бағыттарын айқындайды және тиісті мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды әзірлеудің немесе түзетудің негізі болып қызмет атқаратын болады.

Бұдан басқа, бұл құжат республикалық, өңіраралық және облыстық маңызы бар өндірістік, энергетикалық, инженерлік, көлік-коммуникациялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды үйлестіре дамытуға бағытталған мемлекеттік инвестициялардың (ұлттық компаниялардың қаражатын қоса алғанда) негізгі басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Стратегияда белгіленген іс-қимыл өздерінің ағымдағы жоспарлары мен ұзақ мерзімді даму стратегияларын әзірлеу мен іске асыру кезінде кәсіпкерлік сектор, оның ішінде сыртқы инвесторлар үшін бағдар болуға тиіс.

1. Ағымдағы ахуалды талдау

Негізінен кеңестік кезеңнің өзінде қалыптасқан елдің экономикалық әлеуетін орналастыру экономика құрылымының бұзылуы, ішкі экономикалық кеңістіктің сақталып отырған ыдырауы салдарынан оны дербес экономикалық жүйе ретінде дамыту орнықтылығының қазіргі заманғы қажетті талаптарына жауап бермейді.

Қазақстанның әлемдік шаруашылық жүйесіне белсенді кіруі Қазақстанның әлемдік және өңірлік еңбек бөлінісінде тар мамандануымен, негізгі әлемдік тауар нарықтарынан алыстығымен тежеліп отыр, бұл тұтастай елдің де, және оның жекелеген өңірлерінің де сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін көлік-коммуникациялық инфрақұрылымның дамымауымен тереңдей түседі.

Экономиканы нарық жағдайында дамыту елдің жекелеген аумақтық-шаруашылық жүйелерінің бәсекелік артықшылықтарын да, сол сияқты нарыққа бейімделудің әрқилы мүмкіндіктеріне байланысты олардың кемшіліктерін де анықтап берді. Бұл жекелеген өңірлерде өндірістің біршама құлдырауына және тоқтап қалуына, күйзеліске ұшыраған аудандар мен елді мекендердің пайда болуына алып келді. Нәтижесінде өңірлік теңсіздіктер тереңдеді және табиғи көші-қон ағымына қарамастан, ел халқының бір бөлігі қазіргі уақытта экономикалық перспективалы емес аумақтарда тұрады.

Бұрын қалыптасқан таратып орналастыру жүйесі өз тиімділігін жоғалтты және қазіргі уақытта қалыптасып жатқан елді кеңістікті экономикалық

ұйымдастыруға сәйкес келмейді. Бұрын минералдық-шикізат кен орындарының базасында салынған жекелеген шағын қалалар, кенттер, сондай-ақ қалыпты өмір сүру үшін жарамсыз аумақтардағы және даму орталықтарынан шалғайдағы ауылдар перспективасыз болып қалды.

60 шағын қаланың 10-ы күйзеліске ұшырағандар санатына жатқызылды. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті бойынша 7512 ауылдық елді мекеннің (АЕМ) 1204-інің (халық саны 1,8 млн. адам) жоғары, 5625 АЕМ-нің (5,2 млн. адам) - орташа, 595 АЕМ-нің (189,9 млн. адам) төмен даму әлеуеті бар және 88 АЕМ-нің тұрғындары жоқ.

Аумақтық дамуды басқару жүйесі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара келісілген іс-қимылын қамтамасыз етпейді. Аумақтық жоспарлау мәселелерін әртүрлі ведомстволар реттейді және тұтастай алғанда орталық деңгейде тиімсіз үйлестіріледі.

Елді кеңістіктік ұйымдастырудың өңірлік жобалаумен, аса маңызды табиғи ресурстарды пайдаланудың және инфрақұрылымның салалық схемаларымен өзара байланыстырылған моделі қалыптаспаған.

Аралас әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, аудандардың, қалалар мен ауылдардың) мүдделерін, трансөңірлік процестерді үйлестіру құралдары (тетіктері) жоқ.

Қазіргі уақытта елдің аумақтық дамуындағы ахуалды былай сипаттауға болады.

Күшті жақтары

Елдің Еуразия құрлығының орталығында, екі континенттің - Еуропа мен Азияның қиылысында қолайлы географиялық орналасуы. Қазақстан әлемнің аса ірі елдері - Ресей Федерациясы мен жылдам өсіп келе жатқан Қытайдың арасында, Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия өңірлерімен көршілес орналасқан.

Шекара маңындағы өңірлердің басым болуы. Қазақстанның 14 облысының 12-сі шекара маңында. Дамыған және серпінді дамып келе жатқан елдердің тәжірибесі шекара маңындағы өңірлер осы мемлекеттердің өсу аймақтарына айналғанын көрсетті. Шекара маңындағы өңірлер экономикалық белсенділік орталықтары болып табылады және бүкіл елдің әлемдік экономикалық жүйеге ойдағыдай кірігуіне ықпал етеді.

Ауқымды жер ресурстары мен табиғи-климаттық ерекшеліктердің әралуандылығы алуан түрлі аграрлық өнім өндіруге мүмкіндік береді. Республиканың аумағы он табиғи-ауыл шаруашылығы аймағын қамтиды, ауыл шаруашылығы алқаптарының үлесі - 82 % (1, 2, 3-қосымшалар).

Ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз етуге де, сол сияқты елдің өсіп келе жатқан экспорттық мүмкіндіктерін іске асыруға да мүмкіндік беретін әралуан және бай

минералдық-шикізат базасы. Уранның, қорғасынның, мырыштың, мыстың, мұнайдың, көмірдің, хромның, темірдің, марганецтің, қалайының, алтынның, фосфориттердің, бор мен калий тұзының барланған қорлары жағынан Қазақстан әлем елдерінің алғашқы ондығына кіреді.

Елдің өндірістік әлеуеті: өнеркәсіп пен аграрлық өндірістің көп салалы құрылымы, тиісті өндірістік қуаттардың болуы. Өнеркәсіптің дамыған базалық салалары - отын-энергетика және тау-кен-металлургия кешендері.

Елдің бүкіл аумағын қамтып жатқан көлік-коммуникациялық инфрақұрылым желісінің болуы. Темір жолдың және автомобиль жолдарының желісі шектес елдерге шыға отырып, барлық өңірлер арасында тасымалдарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық автомобиль жолдары мен темір жол халықаралық көлік дәліздерінің құрамына енгізілген. Ақтау теңіз портын "ТРАСЕКА" және "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәліздерінің құрамындағы мультимодальдық көлік торабы ретінде пайдалану мүмкіндігі бар. Елде 21 әуежай (22-нің ішінен) жұмыс істейді, оның 14-іне халықаралық рейстерге қызмет көрсетуге рұқсат етілген. Елдің барлық өңірлерін талшықты-оптикалық байланыс желілерімен байланыстыратын Ұлттық ақпараттық супермагистралдың құрылысы аяқталып келеді.

Инновациялық-білім беру әлеуеті: кейіннен білім беру-инновация кешендерін қалыптастыру базасы ретінде университеттердің, ірі жоғары оқу орындарының және мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталықтарының болуы.

Бірегей рекреациялық ресурстар: табиғи кешендер және олардың құрауыштары, мәдени-тарихи ескерткіштер мен сәулет объектілері.

Демографиялық оң серпін және еңбек ресурстары резервінің болуы. Соңғы жылдары халықтың табиғи өсімінің ұлғаюы. Еңбек ресурстарының резерві ретінде ел ішінде жұмыс күші артық өңірлердің болуы. Демографиялық резерв ретінде көршілес мемлекеттердің шекара маңындағы өңірлерінде қазақ диаспорасының болуы.

Әлсіз жақтары

Негізгі әлемдік тауар нарықтарынан алшақтық. Теңіз (мұхит) қатынас жолдарына тікелей шығудың болмауы.

Әлемдік және өңірлік еңбек бөлінісінде елдің тар мамандануы мен көптеген өңірлердің біржақты бейіні, құрылымның бұзылуы мен экономиканың сақталып отырған ыдырауы. Экономикада экспорттық шикізатқа бағдарланған оқшауланған секторлары және бәсекеге қабілеті төмен қайта өңдеу өнеркәсібі бар, салалық, сол сияқты аумақтық аспектіде өзара әлсіз байланысқан экономикасы бар екі қарама-қайшы құрылым қалыптасты.

Өнімділікті төмендететін және аграрлық өндірістің тәуекелділігін ұлғайтатын факторлардың болуы. Егістік сапасының салыстырмалы төмен болуы. Егістік

бонитетінің (құнарлылықтың салыстырмалы деңгейін көрсететін) 50 бірліктен асатын балы 23,2 млн. гектар егістіктің тек 4,2 млн. гектарына қатысты. Ауыл шаруашылығы алқаптарының 30,8 млн. гектары (14,8 %) су және жел эрозиясына ұшыраған (4-қосымша). Өнімділігі аз жайылымдардың басым болуы.

Елдің жекелеген өңірлерінде су ресурстарының тапшылығы. Ел өңірлерінің басым бөлігі құрғақ аймақта орналасқан және сумен қамтамасыз етуде қиындық шегіп отыр (5-қосымша). Жерүсті суларының тек 56 %-ы ғана Қазақстан аумағында қалыптасады, ал қалғаны сырттан келеді, бұл республиканың кейбір өңірлерінің шекаралас мемлекеттердің су ресурстарына тәуелділігін күшейтеді.

Минералдық-шикізат ресурстарының әркелкі бөлінуі. Әлеуетті бай қорлардың аз игерілген және жұмыс істеп тұрған өндіруші кәсіпорындардан шалғайдағы аудандарда шоғырлануы.

Электр энергиясы бір өңірлерде артық болған кезде басқа өңірлерде тапшы болуы. Елдің солтүстік және шығыс өңірлері электр энергиясын шамадан тыс шығарады, ал сонымен бір мезгілде оңтүстік және батыс өңірлерге ол елдің басқа өңірлерінен немесе таяу орналасқан елдерден (Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан) импортталады.

Ел экономикасының осы заманғы қажеттіліктеріне сай келмейтін көлік желісі. Көлік инфрақұрылымының қанағаттанғысыз жай-күйі. Республиканың негізінен кеңестік уақытта қалыптасқан көлік жүйесі қазіргі жағдайда республиканың халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне толық қосылуын тежеп отыр. Елдің темір және автомобиль жолдары өткізу қабілетінің төмендігімен сипатталады. Қарқынды тозу мен бұзылудың салдарынан жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары желісінің шамамен 30 %-ы күрделі жөндеуді талап етеді, 75 %-ы беріктік пен тегістіктің қолданыстағы нормативтеріне сай емес.

Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымның тозуының жоғарылығы. Елдің шағын қалалары мен ауылдық аудандарындағы инфрақұрылым желісінің нашар дамуы. ЖЭО-ның негізгі құралдарының табиғи тозуы 40-60 % көлеміне жетті, бұл иеліктегі электр және жылу қуаттарын шектеуге әкеп соқты. 2010 жылға қарай ЖЭО турбиналарының 50 %-ы өзінің белгіленген қуаттарының парктік ресурсын бітіреді. Елді мекендердің энергия желілері мен су құбыры-кәріз желілерінің айтарлықтай тозуы. Ел халқының 1,7 %-ы әкелінетін сумен жабдықталады, 25 %-ы жеткізудің қиындығына байланысты суды алдын ала тазартылмаған ашық көздерден ішеді.

Су шаруашылығы инфрақұрылымының қанағаттанғысыз жай-күйі. Бөгеттердің, су тораптарының және өзге құрылыстардың нашар техникалық жай-күйі.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілері желісінің жеткіліксіз даму деңгейі. Ел өңірлері әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен әркелкі қамтамасыз етілген.

Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділік жоқ немесе қиын. Халықтың табиғи және миграциялық өсім қарқыны жоғары ірі қалалар мен өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылымның даму қарқыны артта қалған.

Рекреациялық инфрақұрылымның дамымауы. Рекреациялық инфрақұрылым объектілерінің көпшілігі кеңестік уақытта салынған, өте тозған және халықаралық стандарттарға сай емес.

Елдің бүкіл аумағында экологиялық ахуалдың нашарлауы. Әуе бассейнінің ластануы, су ресурстарының таусылуы және ластануы, "тарихи" ластану, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар, жердің шөлейттенуі және тозуы, биологиялық әралуандылықтың бұзылуы, радиоактивті ластанулар өңірлердегі қоршаған ортаның басты проблемалары болып қалып отыр (6, 7-қосымшалар).

Елдің әкімшілік-аумақтық құрылымының осы заманғы талаптарға сай болмауы. Нарықтар мен елді мекендер жүйелерінің шекарасы өңірлердің әкімшілік шекарасына әркез сәйкес келе бермейді. Бұдан басқа, облыстық (11 қала) және аудандық (10 қала) маңызы бар кейбір қалалар өз мәртебесіне сай емес (8-қосымша). Мысалы, Ақтөбе облысының Жем, Темір сияқты аудандық маңызы бар қалаларының халық саны 2,5 мың адамнан, ал Қызылорда облысының Қазалы, Ақмола облысының Степняк сияқты қалаларының халық саны 6 мыңнан аспайды. Бұрын құрамына селолық округтер енгізілген қалалардың шекарасы реттелмеген.

Мүмкіндіктер

Осы заманғы даму үрдістері елдің континентішілік жағдайының "түзелмейтін" тапталуынды жоққа шығарады.

Қазақстанның және оның одан әрі аумақтық дамуының перспективалары дәстүрлі бәсекелік артықшылықтарды пайдаланумен қатар, елдің әлемдегі ұстанымдануының жаңа парадигмасын тұжырымдай отырып, оның географиялық жағдайын барынша пайдалану стратегиясын іске асыруға тікелей байланысты болуға тиіс.

Қазақстанның экономикалық жаһандану процесіне қосылуы бастапқы кезеңде шикізат ресурстарын негізгі жеткізушілердің бірінің функцияларын іске асыра отырып, уақыт өте келе әлемдік экономикалық кірігу процесінің белсенді қатысушысына айналуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі тораптық елге, өңірішілік экономикалық байланыстарды кіріктірушіге, капитал мен инвестициялар тартудың, Орталық Азия нарығына бағдарланған өңірлік өндірістерді немесе аса ірі әлемдік компаниялардың филиалдарын орналастырудың, халықаралық деңгейдегі қызмет көрсетулердің орталығына айнала алады.

Перспективада Қазақстан маңызды байланыстырушы буынның, Еуропа, Азия

- Тынық мұхиты және Оңтүстік Азия экономикалық жүйелерінің өзара іс-қимылының трансконтиненталдық экономикалық көпірінің функцияларын да о р ы н д а й а л а д ы .

Серпінді дамып келе жатқан ірі қалалардың базасында тауар, қаржы, технологиялық және мәдени алмасулардың еуразиялық жүйесінде өзіне елдегі экономикалық белсенділікті шоғырландыратын аса маңызды тораптарды қалыптастыру мүмкіндігі бар.

Трансконтиненталдық және басқа халықаралық магистралдарды одан әрі дамыту ішкі экономикалық кірігуді күшейтуге ықпал ете алады, жаңа минералдық-шикізат ресурстарын игеруді, тасымалданатын жүктерді өңдеу жөнінде өндірістер құруды, көлік жолдарын салуды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді қоса алғанда, өңірлер экономикасының дамуына әсер ете алады.

Құрғақтағы маңызды сыртқы шекара және іргелес мемлекеттермен көлік-коммуникациялық байланыстың жеткілікті дамуы шекара маңындағы өңірлердің экономикаларын көршілес мемлекеттердің сыйымдылығы жоғары өткізу нарықтарына бағдарлайды.

Негізгі халықаралық транзиттік дәліздерден шалғай орналасқан шекара маңындағы өңірлер үшін көршілес елдермен сыртқы экономикалық байланысты дамыту олардың негізгі әлемдік нарықтардан шалғайлығын өтейтін болады.

Елдің шекара маңындағы ірі қалалары мен аумақтарының серпінді дамуы оларға іргелес елдерден (Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы) ресурстар мен жұмысқа қабілетті халықтың көші-қон ағынын тартуға ықпал етеді, бұл елдің демографиялық және экономикалық әлеуетіне оң әсерін тигізеді.

Серпінді дамып келе жатқан қалалардың айналасынан мегаполистер мен агломерациялар құру жоғары ұйымдастырылған урбанистік өмір сүру аймағын құруға мүмкіндік береді.

Қауіптер (Шектеулер)

Мыналар елдің орнықты аумақтық дамуына кедергі болатын факторларға а й н а л у ы м ү м к і н :

өңірлік және әлемдік еңбек бөлінісінде елдің тар, негізінен шикізаттық мамандануының, транзиттік тәуелділігі мен экономикалық оқшаулануының нығаюы, тиісінше - елдің даму қарқынының тұмшалануы мен экономикалық а р т т а қ а л у ы ;

бәсекеге қабілеттіліктің төмендігінің және өнеркәсіптің дәстүрлі салаларындағы өндірістің тоқтап қалуының салдарынан біраз аумақтардың и н д у с т р и я л а н б а у ы ;

біріктіруші көлік-коммуникациялық желінің дамымауына, өңірлік аумақтық-шаруашылық жүйелері үшін сыртқы тартылыстың әртүрлі

бағыттылығына (көптеген инфрақұрылымдық жобалар транзиттік экономиканы қамтамасыз етуге анағұрлым бағдарланған және елдің экономикалық кеңістіктік кірігуінің біртұтастығын қамтамасыз етпейді) байланысты елдің ыдырауы қ т и м а л д ы ғ ы ;

кең ауқымды трансевразиялық сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық дәліздерді қалыптастыру бойынша өңірдің іргелес мемлекеттері тарапынан болатын, сондай-ақ елде халықаралық кірігудің өңірлік орталық қалаларын қалыптастыру бойынша көршілес мемлекеттердің ірі қалалары тарапынан болатын бәсекелестік;

елдің шекара маңындағы өңірлерінде көршілес мемлекеттердің экономикалары үстемдігінің, ауыл тұрғындарының қалаға ағылуының күшеюі және біраз ауылдық аумақтардың депопуляциясы, демографиялық қысымның және елдің шекара маңындағы өңірлеріне көршілес мемлекеттерден санкцияланбаған көші-қонының күшеюі;

экологиялық ахуалдың нашарлауы, табиғатқа антропогендік әсердің күшеюі салдарынан өмір сүру ортасының тозуы және соның нәтижесінде өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы аумақтардың азаюы.

2. Стратегияның мақсаты мен басымдықтары

Мақсаты. Өңірлік және әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті мамандандуды қалыптастыру, экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды ұтымды кеңістіктік ұйымдастыру негізінде елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету және халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Аумақтық даму Стратегиясының басымдықтары

Елдегі экономикалық белсенділікті өзіне шоғырландыратын және елдің қалған бүкіл аумағы үшін "локомотив" рөлін атқаратын "басып оза" өсу аймақтарын (өсу полюстерін) қалыптастыру.

Орталық Азиядағы сауда-экономикалық және сервистік-технологиялық орталық ретінде Қазақстанның экономикалық кеңістігін әлемдік шаруашылық жүйесіне кіріктіру.

Ел аумағын ұтымды игерумен үйлестіре отырып, экономика және еңбек ресурстарын экономикалық жағынан перспективалы және тыныс-тіршілік үшін қолайлы аудандарға шоғырландыру.

Кластерлік даму, өзін-өзі ұйымдастыру және ішкі ресурстарды жұмылдыру тетіктерін енгізу жолымен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

3. Стратегияны іске асырудың негізгі бағыттары

Алға қойылған елді орнықты және серпінді дамытуды қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізу өңірлік және әлемдік экономикада ел мен оның өңірлерінің бәсекеге қабілеттілікке мамандануын, елдің экономикалық әлеуетін және халықты таратып орналастыруды ұтымды кеңістіктік ұйымдастыруды қалыптастыру жөніндегі өзара байланысты міндеттерді тиімді іске асыруға және соның негізінде елдің барлық аумақтарының теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуының жұмыс істеуіне байланысты.

Осы Стратегияны іске асыру бағыттары көбінесе елдің аумақтық даму аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар Стратегияда елдің орта мерзімді даму жоспарлары мен мемлекеттің басқа да бағдарламалық құжаттарында көзделген өзара байланысты шаралар шеңберінде макроэкономикалық реттеу мен қаржы секторын дамыту, қолайлы іскерлік және инвестициялық климат құру, өндірістің адами капитал, ғылыми-техникалық әлеует және басқа да бағыттар сияқты факторларын тұтастай дамыту мәселелері бойынша жалпы үйлестіру жүзеге асырылатын болады.

3.1. Елдің өңірлік және әлемдік экономикада ұстанымдануы

Міндеттер. Елдің өңірлік және әлемдік экономикада ұстанымдануының тиімді стратегиясын тұжырымдау және іске асыру негізінде елдің және оның аумақтарының орнықты дамуын қамтамасыз ету.

Әлемдік экономиканың жаһандануы әрі әлемдік нарықтардағы өткір бәсекелік күрес және ішкі нарықтың аз сыйымдылығының бар екенін ескергенде, Қазақстан мен оның аумақтарының одан әрі даму перспективалары елдің әлемдік нарықтарға шикізат ресурстарын ірі экспорттаушы және транзиттік аумақ ретінде ғана емес, ең алдымен, Орталық Азия өңірінде орта және жоғары технологиялы тауарларды жеткізуге әрі сервистік (сауда-логистикалық, көліктік-ақпараттық, қаржылық, білім беру және басқалары) қызмет көрсетулердің ауқымды аясын ұсынуға бағдарланған орнықты экономикалық жүйе ретінде ұстанымдану мүмкіндігімен айқындалады.

Өз артықшылықтары мен пайда болып отырған мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Қазақстан өңірдің ¹ экономикалық көшбасшысына айналуға ұмтылып қана қоймай, оның дамыған индустриялық және сервистік-технологиялық орталығына айналуға тиіс. Қазақстан өңірге инвестицияларды, алдыңғы қатарлы технологиялар мен адами ресурстарды тарту орталығына, өңірішілік экономикалық байланыстың кіріктірушісіне айналуға тиіс.

¹ "Өңір" ұғымы бұл жерде Орталық Азия және РФ-нің Сібір өңірлерін, батыс Қытай, Закавказьені қамтиды.

Осы негізде ел өңірлерінің бәсекеге қабілеттілікке мамандануы қалыптастырылуға және елді аумақтық-экономикалық ұйымдастырудың тиімді моделі құрылуға, кәсіпкерлік жандандырылуға тиіс.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, елдің бәсекелік артықшылықтарын қалыптастыру және дамыту ел мен оның жекелеген аумақтарының:

ә л е м д і к н а р ы қ т а :

минералдық шикізаттың, астық өнімдері мен олардың өңделген өнімдерінің ірі өндірушісі әрі жеткізушісі;

Еуропа, Азия - Тынық мұхиты және Оңтүстік Азия экономикалық жүйелері өзара іс-қимылының трансконтиненталдық экономикалық көпірі ретінде.

ө н і р л і к н а р ы қ т а :

өңірлік нарыққа өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі жеткізушісі;

өңірдің қазіргі заманғы сервис орталығы;

өңір инновацияларының орталығы ретінде табысты ұстанымдануына бағыттталатын болады.

Қазақстанның әлемдік нарықта ұстанымдану бағыттары

Қазақстан - минералдық-шикізаттың, астық өнімдері мен олардың өңделген өнімдерінің ірі өндірушісі әрі жеткізушісі ретінде

Өнімнің көмірсутек шикізаты, уран, металлургия өнімдері және бидай сияқты түрлері бойынша Қазақстанның әлемдік нарықта жақсы ұстанымы бар. Перспективада өнімдердің бұл түрлері Қазақстан әлемдік нарықта бәсекелесе алатын негізгі тауарлар болып қала береді.

Осы салалардың өнімдерін, ең алдымен, минералды шикізатты экспорттаудан түсетін кіріс экономиканың басқа салаларын дамыту және ел мен оның өңірлерінің әлемдік экономикалық жүйеге кірігу факторына айналуға тиіс.

Ұстанымданудың осы бағыты шеңберіндегі негізгі міндеттері өндірістің алдыңғы қатарлы технологияларын енгізу және жаңа әлемдік нарықтарға шығу есебінен сыртқы нарықтардағы қазіргі ұстанымдарды күшейту және сапалы минералды шикізатты, металлургия мен бидай өнімдерін ірі әлемдік жеткізушілердің қатарына кіру болады.

Қазақстан - Еуропа, Азия - Тынық мұхиты және Оңтүстік Азия экономикалық жүйелері өзара іс-қимылының трансконтиненталдық экономикалық көпірі ретінде

Елдің екі континенттің (Еуропа мен Азияның) қиылысында қолайлы географиялық орналасуы және оның көлік-коммуникация дәліздерінің халықаралық дәліздердің құрамына қосылғандығы жүк транзитінен ғана емес, перспективада еуразиялық кеңістікте қалыптастырылатын сауда-экономикалық кірігулер процесіне қатысуынан да түсетін пайданы пайдалану мүмкіндігін

алдын ала айқындап береді.

Басты міндет Батыс пен Шығыс (Еуропа мен Азия) арасындағы кеңістікте ресурстардың құйылу процестерін технологияландыру (логистикалық тораптар, дистрибуцияның осы заманғы арналары) болып табылады.

Қазақстанның өңірлік нарықта ұстанымдану бағыттары

Бұл бағыттағы іс-қимыл экономикалық белсенділіктің өсуін, елдің, ең алдымен, шикізат ресурстарын пайдаланумен байланысы жоқ өңірлерінің жаңа бәсекеге қабілетті мамандықтарын қалыптастыруды және құлдырау сатысында тұрған индустриялық аудандарды конверсиялауды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан - өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуші ретінде

Өзінің минералдық-шикізат және аграрлық әлеуетін, шетелдік инвестициялар мен технологияларды басып оза тартудағы артықшылықтарын пайдалана отырып, Қазақстанның орта және жоғары технологиялы өнеркәсіптік, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өңір елдеріне ірі жеткізушілердің біріне айналу мүмкіндігі бар.

Жоғары бәсекелестікке байланысты аталған өнімдер түрлерімен әлемдік нарыққа шығу проблема болып табылады, сондықтан қаралып отырған кезеңде назарды өңірлік нарыққа шоғырландыру мақсатқа сай келеді.

Ұстанымданудың осы бағыты шеңберіндегі негізгі міндеттер мыналар болады:

өңірлік нарықта бәсекеге қабілеттілік әлеуеті бар салаларды, оның ішінде кластерлік ұстанымды (тамақ өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өндірісі, металлургия мен машина жасау және басқалары) пайдалана отырып дамыту;

технологиялық трансферт аймақтарын, жетекші шетелдік компаниялардың процессинг орталықтарын құру және дамыту, мысалы, "LG", "Philip Morris", "Knauf" компанияларының Қазақстанда қазірдің өзінде жұмыс істеп жатқан филиалдары сияқты "жаһандық брэндтерді" тарту;

экспортталатын өнім номенклатурасын ұлғайту, қазақстандық брэндтерді алға жылжыта отырып, сыртқы нарықтарда маркетингілік қызметті жандандыру.

Қазақстан - қазіргі заманғы сервис орталығы ретінде

Бүгінгі әлемде қызмет көрсетулердің дамығандығы сондай, ол экономика жай-күйінің индикаторы болып отыр. Құрлықтың ортасына орналасқан Қазақстан үшін қазіргі заманғы қызмет көрсетулер саласын дамыту өңірде сәтті ұстанымдану мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Қолда бар әлеуетті пайдалана отырып, Қазақстан өңірдің халықаралық стандарттарға жауап беретін қызмет көрсетулердің кең ауқымын ұсыну бойынша дамыған сервис орталығына

айналуға тиіс.

Өңірдің сервис орталығы ретінде Қазақстан өзін мыналар ретінде көрсететін болады:

өңірлік дистрибуция орталығы, бұл елде Орталық Азия нарығына бағдарланған және әлемдік тауар өндірушілерге өз өнімдерін өңірде өткізу үшін қолайлы жағдай жасайтын ірі сауда-логистика тораптарын құруды көздейді;

транзиттік-логистикалық орталық, бұл елде Еуропа мен Азия арасында жүк және жолаушылар транзиті үшін қолайлы әрі пайдалы жағдайлар жасауды, бүкіл Орталық Азия өңірінің тұтынушыларына қызмет көрсетуге бағдарланған көліктік-логистикалық тораптар құруды білдіреді;

өңірлік қаржы орталығы - таяу жатқан елдерге қызмет көрсететін халықаралық сыныптағы қаржылық қызмет көрсетулер орталығын құру;

ақпараттық-коммуникациялық орталық - түрлі ақпараттық және мультимедиялық қызмет көрсетулер, оның ішінде спутниктерден алынатын спутниктік байланыс және ақпарат арналарын ұсыну;

туристік орталық - туризмді дамыту және елді Жібек жолындағы тарихы мен мәдениеті бай дамыған әрі тартымды туристік орталыққа айналдыру;

білім беру орталығы - оқу ақысының қолайлы деңгейі кезінде өңір елдерінің жастарына батыстық стандарттарға сәйкес сапалы білім беру;

медициналық орталық - өңір елдерінің азаматтарына жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету, медицина кадрларын даярлауды және қайта даярлауды жүргізу.

Қазақстан - өңірдің инновациялық орталығы ретінде

Инновациялар және білімдер экономикасы осы заманғы әлемдік экономиканың негізіне айналып келеді, сондықтан, әлемдік дамудан қалыс қалмау үшін Қазақстан алдыңғы қатарлы технологиялық әзірлемелерді ел ішіне табысты енгізу және сыртқы нарықтарға жылжыту үшін инновациялардың дамыған өңірлік орталығына айналуға тиіс.

Қазақстанның мынадай салаларда инновациялық әзірлемелерді әзірлеуге және сыртқы нарықтарға жылжытуға мүмкіндігі бар:

өнеркәсіптік әзірлемелер, минералдық шикізатты кешенді пайдалану және қайта өңдеу технологиялары;

ауыл шаруашылығы саласындағы әзірлемелер;

химиялық және биологиялық технологиялар;

экология және энергияның баламалы көздері саласындағы әзірлемелер;

медициналық әзірлемелер;

ядролық технологиялар;

ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар;

ғарыштық зерттеулер;

әскери-өнеркәсіптік технологиялар.

Ұстанымданудың осы бағыты шеңберіндегі негізгі міндет бұрын елден кетіп қалған ғалымдар мен әзірлеушілерді, сондай-ақ көршілес елдерден мамандарды

тарта отырып, білім беру-инновациялық, бизнес-технологиялық және қолдаушы кешендерді біріктіретін өңірлік инновациялық жүйелерді (ӨИЖ) құру болады.

Елдің ұстанымдануының жоғарыда аталған бағыттары экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды кеңістіктік ұйымдастыруды қалыптастыру үшін негізге айналады, екінші жағынан, тиімді кеңістіктік даму әлемдік нарықта елдің бәсекеге қабілеттілікке мамандануға қол жеткізуінің аса маңызды құралына айналады.

Іс-қимыл стратегиясы

Экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды одан әрі кеңістіктік ұйымдастыра отырып, өңірлік және әлемдік экономикада ел ұстанымдануының жаңа қағидаттарының өзара байланысын қамтамасыз ету (3.2-бөлім) ;

Ел мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілікке мамандануының қалыптасуына, орнықты аумақтық дамуға ықпал ететін факторларды дамыту мақсатында:

елдің ресурстық (жер, су, минералдық-шикізат, рекреациялық) әлеуетін ұтымды пайдалану (3.3.1-бөлім);

бизнесі аумақтық-экономикалық ұйымдастырудың және жүргізудің қазіргі заманғы модельдерін енгізу (3.3.2-бөлім);

экономикалық қызметті және адами капиталды дамытуды қамтамасыз ететін инфрақұрылымды (көлік-коммуникациялық, тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші, әлеуметтік, рекреациялық және басқалары) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру көзделеді (3.3.3-бөлім).

Елдің тұтастай ұстанымдануының перспективалы міндеттері тұтастай алғанда елдің бәсекелік артықшылықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін тұжырымдауды және іске асыруды талап етеді.

Дамыған елдердің тәжірибесі бәсекелік артықшылықтар арзан жұмыс күшінің және табиғи ресурстардың болуы есебінен ғана емес, сондай-ақ ұлттық деңгейде өнімділікті арттыру есебінен де болатынын көрсетіп отыр.

Сондықтан, осы Стратегияда, орта мерзімді мемлекеттік және салалық бағдарламаларда көзделетін шаралардан басқа, жоғары білікті жұмыс күші, алдыңғы қатарлы технологиялар, инновациялық әлеует сияқты мамандандырылған факторларды дамыту есебінен, сондай-ақ қолайлы іскерлік және инвестициялық ахуал, инновацияларды ынталандыру үшін жағдайлар жасау, өндіріс технологияларын жетілдіру және өнім сапасын арттыру есебінен еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар іске асырылатын болады.

3.2. Елді және таратып орналастыру жүйесін аумақтық ұйымдастыру перспективалары

Міндеттері. Ел мен оның өңірлерінің жаңа ұстанымдану міндеттеріне жауап беретін, біртұтас ішкі экономикалық кеңістік құруды қамтамасыз ететін, ел дамуының геосаяси және гэоэкономикалық факторларын ескеретін экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды тиімді кеңістіктік ұйымдастыруды қалыптастыру.

Әлемдік және өңірлік экономикада ел мен оның өңірлерінің орнын айқындау, экономикалық, табиғи, еңбек әлеуетін талдау және бағалау, сондай-ақ таратып орналастыру жүйесі негізінде елдің аумақтық кеңістігін қалыптастырудың осы тік ұстанымына көшуді жүзеге асыру көзделіп отыр, оның қаңқалық негізі қазір бар және қалыптастыру көзделіп отырған, сыртқы нарықтарға шығу мен елдің өңірлік және әлемдік экономикаға кірігуін қамтамасыз ететін көлік-коммуникация дәлізі, ал аса маңызды тораптары - өңірлік және жаһандық нарықтарға кіріктірілген көшбасшы ірі қалалар болады.

Солтүстік, Оңтүстік, Орталық аумақтық дамудың стратегиялық осьтері (9-қосымша) :

қалыптасқан, сол сияқты қалыптастырылып жатқан өңірлік және өңірге қарасты құрылатын аумақтық-шаруашылық жүйелерді, сондай-ақ оқшауланған экономикалық тораптар мен олардың арасындағы аумақтарды байланыстырады, бұл жергілікті осьаралық желілерді қалыптастырумен қатар елдің ішкі экономикалық кеңістігінің біртұтастығын қамтамасыз етеді;

ортақ еуразиялық экономикалық кеңістік қалыптастыру аясында елдің геоэкономикалық жағдайынан түсетін қосымша пайданы қамтамасыз ете отырып, трансевразиялық сауда-экономикалық, көлік-коммуникациялық дәліздер бағытында қалыптастырылады.

Солтүстік даму осі Каспий (Атырау, Ақтау) және Алматы (Талдықорған, Достық) аумақтық шаруашылық жүйелеріне шығумен Өскемен - Семей - Павлодар - Астана - Қостанай (Көкшетау, Петропавл) - Ақтөбе - Орал бағытында және Ресей Федерациясының шекара маңындағы өңірлеріне осьтің бүкіл периметрі бойынша қалыптасады.

Ось елдің солтүстігі мен батысындағы "астық белдеуі" деп аталатын өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы, дамыған сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық байланыстары бар толық игерілген аумақтарды Ресей Федерациясымен, еуропалық, таяушығыстық және шығыс-азиялық (Орталық ось арқылы) экономикалық кеңістікке негізгі шығу жолдарымен байланыстырады және Солтүстік-қазақстандық трансевразиялық сауда-экономикалық дәлізін құрады.

Осыке кіретін аумақтардың қазір бар экономикалық әлеуетін нығайтумен қатар, Қостанай - Ақтөбе оське қарасты дәліздің әлеуетін, сондай-ақ Каспий аумақтық шаруашылық жүйесіне (Атырау, Ақтау) шығуды ұйымдастыруды нығайту мен өсіру перспективалы міндет болып табылады.

Оңтүстік даму осі бүкіл периметр бойынша ортаазиялық мемлекеттердің шекара маңындағы өңірлеріне шығумен Қытай Халық Республикасының шекарасы (Достық, Қорғас) - Талдықорған - Алматы - Тараз - Шымкент - Қызылорда - Атырау, Ақтау бағытында қалыптасады.

Ось елдің оңтүстігіндегі өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы, дамыған сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық байланыстары бар толық игерілген аумақтарды Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ Қызылорда, Ақтөбе (оңтүстік бөлігі), Атырау және Маңғыстау облыстарының оқшауланған экономикалық тораптарын еуропалық, таяушығыстық, шығыс-азиялық және оңтүстік-азиялық экономикалық кеңістіктеріне негізгі шығу жолдарымен байланыстырады және Оңтүстікқазақстандық трансевразиялық сауда-экономикалық дәлізін (жаңарған Ұлы Жібек жолын) қ ұ р а д ы .

Елдің экономикалық кеңістігінің тірек қаңқасы елдің орталық бөлігінде Оңтүстік және Солтүстік даму осьтерін байланыстыратын Орталық ось болады.

Орталық даму осі Балқашқа, Достыққа тармақталумен және Қытайға, сондай-ақ Жезқазғанға шығумен, Батыс Қазақстанның теңіз порттары бағытына шығу перспективасы бар "Астана - Қарағанды - Алматы" бағытында қ а л ы п т а с а д ы .

Осыке қосылатын даму аумақтарының ерекшелігі олардың игерілу дәрежесінің төмендігі, өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайсыз жағдай , қалыптасқан аумақтық шаруашылық жүйелердің оқшаулығы және көлік-коммуникация желілерінің дамымауы болып табылады. Сонымен бір мезгілде елдің орталық аумақтары оның резервтік ресурстық аймағы болып т а б ы л а д ы .

Осьтің бойында орналасқан аумақтарды игеру "Ақтөбе - Атырау, Ақтау", " Семей - Өскемен - Алматы" жергілікті осьаралық желілерді дамытумен қатар, елдің біртұтас ішкі экономикалық кеңістігін, Ресей Федерациясының Азиялық бөлігі - Орталық және Оңтүстік Азия (Солтүстік - Оңтүстік) бағытындағы сауда-экономикалық дәліздерді қалыптастырудың негізіне айналуға тиіс.

Қалыптастырылатын даму осьтерінің аса маңызды тораптары аумақтық-шаруашылық жүйелердің ірі экономикалық орталықтары болып табылатын, әлемдік, өңірлік және ұлттық еңбек бөлінісінде бәсекеге қабілетті, серпінді дамып келе жатқан көшбасшы қалалар мен тірек қалалар болады.

2 деңгейдегі қалаларды басымды дамыту көзделіп отыр:

жалпыұлттық, ал перспективада Орталық Азия деңгейіндегі 2-3 ірі көшбасшы қала, бұлар тауар, қаржы, технология және мәдениет алмасудың еуразиялық жүйесінде аса маңызды тораптарға айналады; көшбасшы қалалар жаһандық, өңірлік және ұлттық нарықтарға кіріктірілген, өсу полюстерінің орталықтарына айналуға және елдің барлық қалған өңірлері үшін "локомотив" рөлін атқаруға т и і с ;

өзіне өз өңірлеріндегі экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және бәсекеге қабілетті өңірлік кластерлерді қалыптастырудың катализаторы болатын әрі өңірлердің ұлттық және сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін ұлттық және өңірлік (облыстық) деңгейдегі тірек қалалар.

Қалыптастырылатын осьтер шеңберінде аумақтарды кешенді дамыту қалыптасқан аумақтық-шаруашылық жүйелер - экономикалық макроөңірлер (географиялық орналасуына, экономикалық мамандануына және кооперация деңгейіне, көлік жүйелерінің ортақтығына байланысты елдің екі немесе одан көп облыстарын қамтитын), өңірлер (бір облыс немесе республикалық маңызы бар қала шегінде) мен өңірге қарасты өңірлер (бір немесе бірнеше аудандар шегінде) бөлінісінде көзделіп отыр (10-қосымша).

Қалыптастырылатын стратегиялық даму осьтері мен экономикалық макроөңірлер (өңірлер, субөңірлер) халықты таратып орналастыру жүйесінің негізіне айналады және таратып орналастырудың тиісті (солтүстік, оңтүстік, орталық) макроаймақтары мен елді мекендер жүйесін (макроөңірлік, өңірлік және өңірге қарасты өңірлік) қалыптастырады.

Іс-қимыл стратегиясы

Практикада бұрын қалыптасқан жоспарлау әдістеріне қарағанда, өңіраралық теңсіздіктерді жою емес, экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру, табиғи, экономикалық және еңбек ресурстарын, географиялық жағдайды тиімді пайдалану үшін жағдай жасау міндеті тұр.

Аумақтарды біркелкі дамыту тұжырымдамасының орнына полярлық дамыту тұжырымдамасы келуге тиіс, мұнда өңірлік және жаһандық нарықтарға кіріктірілген әрі елдің қалған барлық өңірлері, ал перспективада бүкіл Орталық Азия өңірі үшін "локомотивтер" рөлін атқаратын неғұрлым серпінді дамып келе жатқан қалалар немесе өңірлер өсу полюстеріне айналуы мүмкін.

Осыған байланысты алдағы кезеңде ел бойынша тұтастай экономикалық белсенділіктің өсуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қатар орталық деңгейде жалпыұлттық ауқымдағы реттеу басымдығы өсу полюстерін қалыптастыру болады.

Бұл ретте мұндай реттеу объектілері өз әкімшілік шекаралары шегіндегі қалалар немесе көшбасшы өңірлер ғана емес, ортақ тауар, қаржы, технология ағындарымен өзара байланысты олармен аралас жатқан әкімшілік-аумақтық

бірліктер аумақтарының бір бөлігі де болады (өңірүсті реттеу).

Өңірлік биліктің күш-жігері өз өңірлері мен тірек қалаларының даму стратегияларын (бәсекелі стратегияларды) тұжырымдауға, оларды елдің өңірлік және әлемдік нарықтарға ұстанымдануының жалпы стратегиясына қоса отырып, өңірлік кластерлерді дамытудың нақты мәселелерін шешуге шоғырланады.

Өңірлік стратегиялар елдің басқа өңірлеріне қатысты бәсекелік артықшылықтарға қол жеткізуге емес, "өңірлердің бәсекесінен - ынтымақтастыққа" принципін іске асыруға және сол арқылы өңірлік ауқымдағы бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағдарланатын болады.

Геосаяси және геоэкономикалық факторларды ескере отырып, экономикалық және еңбек ресурстарын экономикалық перспективалы аудандарға және тыныс-тіршілік үшін қолайлы табиғи-климаттық және экологиялық аймақтарға шоғырландыру процестері елдің бүкіл аумақтық кеңістігін ұтымды игерумен және жайластырумен үйлестірілетін болады.

Тұруға және шаруашылық қызметке қолайсыз аумақтарды игеру біртұтас ішкі экономикалық кеңістік қалыптастыру және оны сыртқы нарықтарға (аса маңызды көлік-коммуникация желілеріне қызмет көрсетуге арналған инфрақұрылым) кіріктіру, сондай-ақ оларды игерудің ошақтық немесе вахталық әдісінің негізінде шаруашылық айналымына минералдық-шикізат ресурстарының перспективалы жаңа кен орындарын тарту міндеттерін шешу қажеттігінен шыға отырып жүзеге асырылатын болады.

Орта мерзімді кезеңде орталықтандырылған реттеу басымдығы экономикалық және экологиялық жағынан қолайсыз аумақтардың неғұрлым өзекті проблемаларын шешу, өтемдік өңірлік саясат (негізгі, мемлекет кепілдік берген қызмет көрсетулердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін теңестіру) б о л ы п қ а л а б е р е д і .

Шекара маңындағы аумақтардың ауқымдылығынан шыға отырып, оларда шекаралас елдердің шекара маңындағы өңірлері экономикаларының үстемдік етуін, сондай-ақ көршілес мемлекеттердің жұмыс күші көп өңірлері тарапынан демографиялық қысымның (табиғи сыртқы көші-қон) алдын алу үшін олардың экономикалық әлеуетін дамытуға да, сол сияқты оларға тұрғындардың орналастырылуын қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінетін болады.

Бұл шаралар елдің шекара маңындағы тірек қалаларын шекаралас мемлекеттердің аса ірі қалаларымен симметриялық дамытумен сүйемелденетін болады (бәсекелес қалалар принципі).

Таратып орналастыру жүйесін одан әрі жетілдірудің басымдығы урбанизация процесінің баяу (кеңестік кезеңге тән) кезеңінен қарқынды кезеңіне көшу болады

Бұл ретте таратып орналастыру жүйесінің тірек қаңқасы өсу полюстері (

көшбасшы қалалар мен тірек қалалар) мен оларға жақын елді мекендердің айналасындағы, жоғары ұйымдастырылған урбанистік өмір сүру ортасының аймақтарын қалыптастыратын ірі қалалық агломерациялар болады.

Тұтастай алғанда, қалыптастырылатын экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды аумақтық ұйымдастыру елдің әкімшілік-аумақтық ұйымдастырылуын және аумақтық дамуды жоспарлау жүйесін одан әрі жетілдіру параметрлерін белгілеп береді.

3.2.1. Өсу полюстерін қалыптастыру

Міндеттер. Көшбасшы қалалар мен тірек қалаларды, жаңа кластерлерді дамытуды ілгерілететін перспективалы индустриялық-инновациялық өңірлерді басым дамыту арқылы өңірлік және әлемдік нарықтарға кіріктірілген өсу полюстерін қалыптастыру.

3.2.1.1. Жалпыұлттық және Орталық Азия деңгейлеріндегі көшбасшы қалалар мен өңірлер қалыптастыру

Міндеттер. Алматы және Астана қалаларының инновациялық дамуға көшуін қамтамасыз ету, оларды ұлттық және Орталық Азиядағы өзара іс-қимылдың толыққанды орталықтарына: сауда-логистика және көлік, қаржы және кадр орталықтарына, ақпарат пен технологияларды жеткізушілерге айналдыру.

Перспективалы көшбасшы қалаларды (өңірлерді) қалыптастыру.

Әлемдік шаруашылықты дамытудың осы заманғы үрдістері ұлттық экономикалардың өсу полюстері дәстүрлі индустриялық өндірістер шоғырланған өңірлер емес, өңірлік немесе әлемдік нарықтардағы ағынды басқаратын аса маңызды орталықтар (мысалы, әлемдік даму орталықтары: Нью-Йорк, Лондон, Токио, Шанхай, Сингапур қалалары және басқалары) болатынын көрсетті.

Қазіргі жағдайда Қазақстанда ел дамуының негізгі осьтерінің қиылысында орналасқан және ірі инновациялық әрі басқару орталықтары болып табылатын Астана және Алматы қалалары өзіне елдегі экономикалық белсенділікті шоғырландыратын әрі елдің өңірлік және жаһандық нарықтарға кірігу аймағы болу мүмкіндігі бар перспективалы өсу полюстері болып табылады.

Бұл қалалар капиталдың неғұрлым құнды түрі - адами капиталдың ағынын ынталандыратын сауда-қаржы, инновациялық-білім беру, көлік-логистика және рекреация орталықтарына - бұрынғы индустриалдық "орта аймақтар" деп аталатындарға, айналуға тиіс.

Республикада жалпыұлттық деңгейдегі көшбасшы басқа қалаларды (өңірлерді) қалыптастыру перспективалары серпінді дамушы индустриялық облыстардың орталықтары болып табылатын және кейіннен өзінің ғана емес,

аралас өңірлердің де экономикалық белсенділігін шоғырландыруға мүмкіндігі бар өңірлік және әлемдік экономикаға кіріктіруші ретіндегі тірек қалалардың әлеуетін одан әрі дамыту арқылы айқындалатын болады.

Бұл процестер өңірлердің өзін-өзі ұйымдастыруы және ішкі ресурстарды жұмылдыруы негізінде дамудың өңірлік идеологияларының бәсекелесуі арқылы ынталандырылатын болады.

Болашақтағы перспективада Каспий маңы және Орал өңірлерінің ірі тірек қалаларының бірі (Атырау, Ақтау, Ақтөбе) осындай өңірлік өзара іс-қимыл орталығы бола алады. Сонымен бірге, қазіргі жағдайда көрсетілген қалалардың әрқайсысының рөлі мен маңызы оларды Батыс Қазақстандағы толыққанды көшбасшы ретінде саралауға мүмкіндік бермейді.

Әсу аймағы ретінде Каспий маңы өңірі әзірге мұнай-газ өндіру секторын дамытуды қамтамасыз етудің ортақ инфрақұрылымымен өзара байланысты, ал кейіннен елдің батысында сауда-логистика және көлік-коммуникация торабын кешенді түрде құратын жергілікті "Әсу нүктелерінің" желілік кешені ретінде қаралатын болады ("Батысқа терезе").

Іс-қимыл стратегиясы

Еуразиялық тауар, қаржы, технология, ғылыми және мәдени алмасулар жүйесіндегі аса маңызды тораптар ретінде оларды қалыптастыруға назар аударатырып, Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын әзірлеу және Алматы қаласы мен Алматы өңірінің ұстанымдануының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу. Оларды жүзеге асырудың бастапқы кезеңдері ретінде:

Астана қаласын дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған;

Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік нысаналы бағдарламаларын дайындау және іске асыру.

Көрсетілген бағдарламалық құжаттарда осы қалалардың жаңа рөлде қалыптасуының аса маңызды шарты ретінде олардағы жоғары ұйымдастырылған урбанистік өмір сүру ортасын және олар қалыптастыратын агломерацияларды дамыту (қамсыздандырушы инфрақұрылымды дамыту және басқалары) жөніндегі шаралармен қатар, мыналар көзделетін болады:

1. Алматы және Астана қалалары мен оларға жақын Алматы және Ақмола облыстарының аумақтарында:

жалпыұлттық және перспективада Орталық Азиядағы дистрибуцияның (сауда және қызметтер);

перспективада Орталық Азияда аса ірі сауда-логистика орталықтарын (Сингапур, Гонконг үлгісімен), авиатранзит орталықтарын ("хабтарды") қалыптастыра отырып, көліктік-логистикалық және логистикалық-процессінгілік қызметтердің;

технологиялық трансферттің: бұқаралық стандарттық технологиялар импорты, ішкі және сыртқы нарықтарға бағдарланған озық шетелдік компаниялардың процессингілік орталықтарын (филиалдар, БК) өрістету; инновациялық дамудың (Ақпараттық технологиялар паркі үлгісінде); туристік-рекреациялық маманданудың - Алматы және Ақмола облыстарына жақын орналасқан аумақтардың рекреациялық ресурстарының ірі шоғырлану базасында, сондай-ақ ойын-сауық индустриясының (мысалы, Қапшағай қаласында, Щучинск - Бурабай аймағында ойын бизнесі орталықтарын құру); азық-түліктік маманданудың (азық-түлік белдеуі) көп функциялы аймақтарын қалыптастыру.

2. Алматы қаласында халықаралық қаржы орталығын қалыптастыру.

3. Алматы және Астана қалаларында білім беру-инновациялық, бизнес-технологиялық және қолдаушы кешендерді біріктіретін өңірлік инновациялық жүйе (ӨИЖ) орталықтарын құру (3.3.3.1-бөлім).

4. Алматы және Астана қалаларында - ұлттық, ал кейіннен өңірлік деңгейдегі медицина және білім беру орталықтарын қалыптастыру.

5. Алматы және Астана қалаларына халықаралық өңірлік ұйымдардың, халықаралық қаржы ұйымдарының өңірлік кеңселерінің, аса ірі трансұлттық компаниялар филиалдарының, әскери туризмнің көшуін ынталандыру.

6. Алматы қаласын Спорттың қысқы түрлерінің және спорттық туризмнің халықаралық орталығына айналдыру.

7. Әлемдік бизнес үшін қалалардың тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында олардың кәсіпкерлік ахуалын жақсартудың және беделін жаңартудың мақсатты саясатын жүргізу (Дублин қаласының (Ирландия) үлгісінде).

Білікті жұмыс күшінің болуы, товарлар мен қызмет көрсетулер нарықтарының, тұтынушылардың немесе клиенттердің жоғары қолжетімділігі, өңірдің және әлемнің аса ірі қалаларымен дамыған көлік байланысы мен телекоммуникация, қалалар ішінде жүріп-тұрудың жеңілдігі, қолайлы кәсіпкерлік ахуал, өмір сүрудің жоғары сапасы және қоршаған ортаның тазалығы, тілдік қолжетімділік Астана және Алматы қалаларында бизнес жүргізудің тартымдылығын айқындайтын факторларға айналады.

Астана және Алматы қалаларын дамытуды қолдау экономикалық белсенділік пен инвестициялық тартымдылықты ынталандырудың түрлі тетіктері арқылы, оның ішінде қамсыздандырушы инфрақұрылымды дамытуға берілетін мемлекеттік инвестициялар есебінен жүзеге асырылатын болады (3.5.1-бөлім).

Белгіленген іс-шаралардың көпшілігін іске асыру басқа әкімшілік аумақтық бірліктердің аумақтарын қамтуды көздейді, бұл бір жағынан оларды дамыту үшін түрткі болады, ал екінші жағынан шараларды іске асыруды үйлестіру (

өңірусті реттеу), аралас өңірлерде бірлескен іс-шаралар жүргізу (кооперациялық жобалар) қажеттігін негіздейді.

Астана қаласын өсу полюсі ретінде дамыту перспективада оған Қарағанды агломерациясы мен Щучинск - Бурабай курорттық аймағының қалаларын тарта отырып, желілік өсу аймағын қалыптастыруға алмасуға тиіс.

Перспективалы жаңа көпбасшы қалаларды (өңірлерді) қалыптастыру.

Каспий маңы өсу аймағын дамытуды мемлекеттік ынталандыру Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын қараңыз. U101105 одан әрі іске асыру шеңберінде оған:

Орталық Азия өңірінің батыс бөлігіндегі аса маңызды сауда-логистикалық орталықтарға айналдыра отырып, аса маңызды халықаралық коммуникация дәліздерінде көлік-логистика тораптарын өрістетуге;

кластерлерді, оның ішінде мұнай-химия бағытындағы кластерлерді қалыптастыру арқылы ірі қалалардың экономикаларын әртараптандыру бөлігінде тиісті түзетулер енгізіле отырып жүзеге асырылатын болады.

Перспективада жергілікті "өсу нүктелерін" (тірек қалаларды) толыққанды көшбасшы қалаға айналдыруды мемлекеттік ынталандыру жөнінде шешімдер қабылдау өңірлерді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялары (бәсекелі стратегиялары) мен олардың іске асырылу серпінін талдау және бағалау арқылы конкурстық негізде жүзеге асырылатын болады.

3.2.1.2. Тірек қалаларды дамыту

Міндеттер. Өзіне экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және өңірлердің сыртқы нарықтарға кірігуін қамтамасыз ететін тірек қалаларды басым дамыту арқылы өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету.

Ел өңірлерінің аумақтық-шаруашылық жүйелерінің даму перспективалары бәсекеге қабілетті өндірістердің болуына ғана емес, ашық нарықтағы ағындар мен алмасуларды тиімді басқаратын, өңірдің барлық түйінді (табиғи, қаржы, адами және басқалары) ресурстарын ұтымды желілік жүйелерге байланыстыратын және өздерін сыртқы нарықтарға белсенді ұстанымдайтын бәсекеге қабілетті орталық тораптарды - тірек қалаларды қалыптастыруға да т ә у е л д і .

Мынадай факторлар бойынша қолда бар және перспективалы әлеует тірек қалаларды айқындау өлшемі болды:

экономикалық дамыған ірі қала және басқару орталығы;
көлік торабы мен ішкі және халықаралық көлік дәліздерінде орналасу;
әлеуетті ішкі немесе сыртқы өткізу нарықтарына жақын орналасу;
көршілес мемлекеттердің ірі қалаларымен симметриялық даму мүмкіндігі (

принцип: бәсекелес қалалар).

Екі деңгейдегі тірек қалалар айқындалды:

1. Ұлттық деңгейде - экономикалық макроөңірлердің: Қостанай қаласындағы орталығымен Солтүстік, Қарағанды қаласындағы орталығымен Сарыарқа, Ақтөбе қаласындағы орталығымен Орал, Атырау қаласындағы орталығымен Каспий, Шымкент қаласындағы орталығымен Оңтүстік, Өскемен қаласындағы орталығымен Ертіс, Алматы қаласындағы орталығымен Жетісу орталықтарын бөле отырып, барлық қалалар - облыс орталықтары және Шығыс Қазақстанның аса маңызды көлік торабы ретінде Семей қаласы.

2. Өңірлік деңгейде - облыстық маңызы бар басқа перспективалы қалалар. Елдің барлық дерлік тірек қалаларының шекара маңындағы аудандарда орналасуы олардың таяу орналасқан өңірлерге белсенді ұстанымдануының қажеттігін негіздейді.

Шекара маңындағы қалаларға форпосттардың, елдің бәсекелік стратегиясының тірек нүктелерінің және қалыптастырылатын даму осьтерінің шеңберінде халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың қажетті буынының рөлі беріледі.

Шекара маңындағы өңірлердің тірек қалаларын дамыту стратегияларында оларды іргелес елдердің таяу орналасқан ірі қалаларымен бәсекелі түрде "симметриялық" (тең дәрежеде) дамыту қажеттігі ескерілетін болады.

Өздеріне таяу орналасқан шағын қалалар мен ауылдық аумақтарды қоса алғанда, тірек қалалар өңірлік кластерлерді қалыптастырудың және кәсіпкерлікті жандандырудың катализаторына айналады.

Экономиканың өңірлік нарыққа бағдарланған инновациялық секторын (ғылыми-технологиялық, сауда-логистикалық, қаржы, ақпараттық-білім беру және іскерлік қызмет көрсетулер) қалыптастыру тірек қалалардың мамандануын әртараптандырудың бағытына айналуға тиіс.

Тірек қалаларды дамытуды олардың ұлттық немесе өңірлік экономикалық кеңістікте тиімді ұстанымдануын қамтамасыз етуді көздейтін өңірлердің даму стратегияларын (бәсекелі стратегияларды) іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын болады.

Орталық деңгей тарапынан жекелеген қалаларды дамытуды қолдау өңірлерді дамытудың стратегияларын (бәсекелі стратегияларды), даму бағдарламаларын және олардың іске асырылу серпінін талдау мен бағалау арқылы конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Іс-қимыл стратегиясы

Тірек қалалардың өз даму стратегияларын (бәсекелі стратегияларын) өңірлік және ұлттық еңбек бөлінісінде ұстанымдану перспективаларын айқындай отырып әзірлеуі және өздері көздеген шараларды іске асыруы (3.3.2-бөлім).

Тірек және шекара маңындағы қалалардың сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін ұлттық көліктік инфрақұрылым желілерін (темір және автомобиль жолдары, әуежайлар) басым қайта жаңарту (құру) немесе аса маңызды ресурстарды (электр желілері, газ құбырлары) жеткізу арқылы оларда экономикалық белсенділіктің өсуін ынталандыру.

Тірек қалалардың аса маңызды тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымын салуға (қайта жаңартуға) конкурстық негізде нысаналы инвестициялық трансферттер бөлу.

Тірек қалалардың перспективалы өндірістерінің базасында көршілес мемлекеттердің шекара маңындағы аумақтарының ресурстарын да шоғырландыратын өңірлік кластерлер құруды ынталандыру.

Қалалар мен оларға жақын орналасқан аумақтар шегінде коммуникациялармен қамтамасыз етілген индустриялық парктер құру, өңірлік кластерлерді қалыптастыру аймақтарындағы қалалардың көлік тораптарында көлік-логистика тораптарын құру (3.3.3.1-бөлім).

3.2.2. Басқа басым аумақтарды дамыту

3.2.2.1. Шекара маңындағы аумақтарды дамыту

Негізгі міндет. Халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың аса маңызды аймақтары ретінде шекара маңындағы аумақтарды жайластыру.

Іс-қимыл стратегиясы

Шекара маңындағы аумақтарды дамыту тұжырымдамасын және Шекара маңындағы аса маңызды елді мекендердің экономикалық әлеуетін және қамтамасыз етуші инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын ә з і р л е у :

перспективалы елді мекендерді - шекара маңындағы ынтымақтастықтың түйінді нүктелерін айқындау және оларды дамыту жөніндегі шаралар; оларды көршілес мемлекеттермен бірлесіп салу және пайдалану жөніндегі шараларды қоса алғанда, шекара маңындағы ынтымақтастық инфрақұрылымын (шекара өткелдерін, бақылау-өткізу пункттері мен кеден бекеттерін) дамыту; шекара маңындағы ірі мекендердің әкімшілік маңыздылығын арттыру; Қазақстан мен Қытай шекарасында "Қорғас" үлгісінде шекара маңындағы ынтымақтастықтың ірі халықаралық орталықтарын салу.

Іргелес мемлекеттермен шекара маңындағы сауданы, шекараны жайластыруды, көліктік коммуникацияларды, энергиямен қамтамасыз етуді көздейтін көп және екіжақты келіссөздер, ортақ ақпараттық технологиялар құру, гуманитарлық байланыстарды жандандыру негізінде шекара маңындағы

ынтымақтастық бағыттарын қалыптастыру және нақтылау.

Шекара маңындағы аумақтарды, шекара маңындағы сауданы және іргелес мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытуды қолдаудың өңірлік нысаналы бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

3.2.2.2. Ауылдық аумақтарды дамыту

Міндеттер. Экономикалық перспективалы ауылдық аумақтарды басым дамыта отырып, елдің аумақтық кеңістігін ұтымды игеру және жайластыру.

Іс-қимыл стратегиясы

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларын іске асыру шеңберінде:

экономикалық қызметті дамыту, әлеуметтік және тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші инфрақұрылым объектілерін салуды, жөндеу мен қайта жаңартуды инвестициялау жөніндегі бірінші кезектегі шараларды іске асыру;

ауылдық елді мекендердің (АЕМ) даму әлеуетіне қарамастан, алайда халық санын, негізгі, мемлекет кепілдік берген қызмет көрсетулер ұсынушы әлеуметтік және тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші инфрақұрылымды ескере отырып, оларды қамтамасыз етудің ең төменгі деңгейлерін әзірлеу әрі орталық және өңірлік басқару деңгейлерінің жауапкершілігін ажырата отырып, оларға кезең-кезеңімен қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

АЕМ-де шаруашылық қызмет үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау: өнімді жерлерге, қаржы ресурстарына, нарықтық ақпаратқа қолжетімділік, қайта мамандану, оның ішінде ауыл шаруашылығы емес қызметке және басқаларына қайта даярлану мүмкіндігі арқылы ауыл тұрғындарының жоғары және орташа даму әлеуеті бар АЕМ-ге шоғырлануын ынталандыру;

бәсекелік (табиғи, еңбек және басқалары) артықшылықтарды пайдалану негізінде АЕМ-нің өзін-өзі дамыту процесін ынталандыру.

М ы н а л а р д ы :

экономикалық қызмет салаларын кеңейту және ауылдық жерлерді ірі қалалардың базасында қалыптастырылатын өңірлік кластерлерге тарта отырып, оларды индустрияландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды;

елді мекендердің өңірге қарасты жүйелерін (ЕӨЖ) дамытуды және қалыптастыруды жоспарлау шеңберінде қалалар мен ауылдар арасындағы байланысты күшейтуді (3.2.3-бөлім) қоса алғанда, өңірлердің даму стратегияларына (бәсекелі стратегияларға) қалалық және селолық даму бағдарламаларын кіріктіру арқылы өңірлердің экономикалық дамуында ауылдық аумақтар әлеуетінің өсуін қамтамасыз ету.

3.2.2.3. Қолайсыз аумақтардың проблемаларын шешу

Міндеттер. Елдің жекелеген аумақтарында өмір сүру жағдайының айтарлықтай нашарлауына алып келген техногендік апаттардың, өндіріс пен өмір сүру деңгейінің төтенше құлдырауының себептерін немесе салдарларын жою.

Бүгінде елдің проблемалы өңірлеріне экологиялық қолайсыз аумақтар, оның ішінде бұрынғы әскери полигондар аумақтары, сондай-ақ күйзеліске ұшыраған шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер жатады.

Күйзеліске ұшыраған елді мекендердің жергілікті проблемаларын жою өндірісті әртараптандыру, шағын бизнестің қалыптасуын ынталандыру, жергілікті инвестициялық ахуалды жақсарту әрі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жолымен, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен тиісті мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде өңірлердің өз күштері арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Орталық тарапынан нысаналы қолдау объектісі капиталды қажетсінетін ірі жобаларды іске асыру арқылы Арал, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны өңірлеріндегі ауқымды техногендік апаттардың себептері мен салдарларын жою болады.

Іс-қимыл стратегиясы

Арал өңірі проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламаны және Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру.

Арал өңірі проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаны әзірлеу және іске асыру.

Шағын қалаларды дамытудың өңірлік бағдарламаларын іске асыру.

Тиісті мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде қолайсыз аумақтардың елді мекендерінің әлеуметтік және тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші инфрақұрылым объектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

3.2.3. Таратып орналастыру жүйесі мен аумақтардың құрылымы

Міндеттер. Ел халқының ұтымды орналастырылуын қамтамасыз ете отырып, тұрғындарды экономикалық перспективалы және тыныс-тіршілік үшін қолайлы аумақтарға шоғырландыру есебінен таратып орналастырудың және ел аумақтары құрылымының оңтайлы жүйесін қалыптастыру.

Таратып орналастыру жүйесі

Дамудың стратегиялық осьтері таратып орналастыру жүйесінің негізіне айналады және таратып орналастырудың тиісті макроаймақтарын (солтүстік, оңтүстік, орталық) қалыптастырады.

Урбанизация процесінің қарқынды кезеңіне көше отырып, халықты таратып орналастырудың осы негізгі жолақтарына, ең алдымен тұру және шаруашылық қызмет үшін неғұрлым қолайлы табиғи жағдайлар кешені бар аумақтарға одан әрі шоғырландыру жалғасады.

Жаңа елді мекендердің құрылысы тек қана пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын игеруге немесе жаңадан іске қосылатын (қалыптастырылатын жергілікті даму осьтерінің бойынан) көлік-коммуникация объектілеріне қызмет көрсету қажеттігіне байланысты, сондай-ақ күйзеліске ұшыраған елді мекендерді (қалалар мен ауылдарды) қамтитын елді мекендер жүйесін оңтайландыру мақсатында ерекше жағдайларда жоспарланатын болады.

Таратып орналастыру жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі бағыты көшбасшы қалалар мен тірек қалалардың айналасында, оларға жақын орналасқан елді мекендерді тұрғындардың қолайлы тыныс-тіршілігі үшін қажетті барлық жағдайлармен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген таратып орналастыру жүйелеріне айналдыра отырып, агломерациялар қалыптастыру болып табылады.

Ірі экономикалық орталықтарды қалаларды басып оза дамытудың жалпы үрдістерімен өзара байланысты бұл қағидат ауқымды үнемдеу есебінен тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші инфрақұрылым құруға және дамытуға арналған шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді, бюджет шығыстарын ұтымды етеді және халыққа мемлекет қызмет көрсетулердің сапасын арттырады, жоғары ұйымдастырылған урбанистік өмір сүру ортасы бар аймақтар құрады.

Сол арқылы тірек қалалар мен олардың айналасынан қалыптастырылатын агломерациялар өз көлеміне қарамастан, халықтың, ең алдымен күйзеліске ұшыраған ауылдар мен шағын қалалардан тартылу орталықтарына айналады, бұл қолайсыз аумақтарда тұрып жатқан халық санының біртіндеп азаюына ықпал етеді.

Ауылдық таратып орналастырудың перспективалары Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде, ең алдымен қазіргі жоғары және орташа даму әлеуеті бар ауылдардың дамуы, сондай-ақ тыныс-тіршілікті қолдау немесе тұрғындардың даму әлеуеті төмен ауылдардан перспективалы мекендерге көшуін ынталандыру арқылы айқындалатын болады.

Шекара маңындағы аумақтардың ауқымдылығынан және олардың игерілуін сақтап қалу қажеттігінен шыға отырып, орта мерзімді кезеңде шекара маңындағы елді мекендердің экономикалық әлеуетін және қамтамасыз етуші инфрақұрылымын сақтап қалу және дамыту, шекара маңындағы аудандардағы ірі

мекендердің әкімшілік маңызын арттыру (бұрын таратылған аудандарды қалпына келтіру) жөніндегі шаралар іске асырылады, бұл тұрғындардың мұндай аумақтардан кетуін тоқтатуға, ал перспективада көршілес мемлекеттерден: Ресей Федерациясынан, Орталық Азия өңірінің мемлекеттерінен сыртқы иммиграцияны күшейтуге тиіс.

Іс-қимыл стратегиясы

Халықтың тұруға және шаруашылық қызметке қолайлы жағдайлары бар аймақтар (11-қосымша) мен елді мекендерге шоғырлануын ынталандыру негізінен экономикалық әдістермен (орта мерзімді кезеңде өтемақылық негізде арнайы көші-қон іс-шараларын жүргізу көзделмейді) мынадай шаралар кешені арқылы жүзеге асырылатын болады:

көші-қон ағынын нысаналы реттеу: оралмандарды таратып орналастыру; елге тұрақты мекен-жайға көшу үшін (реэмиграция) шамадан тыс әкімшілік кедергілерді алып тастау; өңірлік еңбек нарықтарындағы ахуалды ескере отырып, жұмыс күші артық өңірлерге шетелдік жұмыс күшін тартуды квоталау;

кейіннен жұмыс істейтін кадрлар тапшы нақты өңірлерге жұмысқа орналастыру үшін азаматтарды нысаналы оқыту (қайта оқыту) жөнінде шаралар қ а б ы л д а у ;

күйзеліске ұшыраған өңірлерден ірі қалаларға білім алу көші-қонын к ө т е р м е л е у ;

тұрғын үй проблемаларын шешу үшін жағдай жасау: елдің ірі қалаларында жалдамалы тұрғын үй нарығын дамыту, жеке тұрғын үй салу үшін азаматтарға коммуникациялар жүргізілген жер учаскелерін беру;

тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мен тыныс-тіршілік стандарттарын тиісінше арттыру есебінен халықты перспективалы елді мекендерге тарту үшін жалпы ынталандыру жасау, шаруашылық-кәсіпкерлік белсенділік үшін қолайлы жағдайлар жасау, өнімді жерге қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Таратып орналастыру процесі еріктілік, күйзеліске ұшыраған өңірлер тұрғындарының түрлі қалалар мен елді мекендердегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, еңбек және тұрғын үй нарығы мен басқалары туралы барынша хабардар болуы принциптеріне негізделуге тиіс.

Аумақтардың құрылымы

Жоғарыда айқындалған экономикалық макроөңірлердің (өңірлердің, өңірге қарасты өңірлердің) шекарасындағы аумақтарды дамытуды жоспарлау және әкімшілік-шаруашылық ұстанымдарды бір-бірімен байланыстыру мақсатында өңірге қарасты, топтық және топтан тыс елді мекендер жүйелерін (ЕМЖ) қамтитын реттелген жүйелі ауыларалық байланысы бар макроөңірлік және өңірлік елді мекендер жүйесін (ЕМЖ) қалыптастыру көзделіп отыр.

ЕМЖ қалыптастыруды реттеудің мақсаты елді мекендерді дамытуды, ең алдымен олардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды ұтымды қалыптастыруға бағытталған аумақаралық үйлестіру, оларды дамытудың макроөңірлік және ұлттық деңгейдегі міндеттерді шешумен келісілуі болады.

Елді мекенді жерлер жүйелерінің орталықтары тірек елді мекендер: экономикалық, ұйымдық-шаруашылық, әкімшілік және мәдени дамуда елді мекендердің барлық жергілікті жүйелерін біріктіретін қалалар, кенттер, ірі селолар (ЕЖМ деңгейіне байланысты) болады.

Топтық өңірге қарасты ЕМЖ-лерін бөлу және олардың санын айқындау өлшемі оларды топтастырудың жалпы факторларымен қатар таратып орналастыру аймақтарына тиесілілігін айқындайтын орталыққа (тірек елді мекенге) қатысты елді мекендердің көліктік қолжетімділігінің (жолға жұмсалған уақыттың) көрсеткіші болады (1-кесте).

1-кесте

Көліктік қолжетімділік бойынша таратып орналастыру аймақтарын қалыптастыру өлшемі

Шекарадан орталық қалаға жол жүру уақыты:	Таратып орналастыру аймақтары			
	I	II	III	IV
қала маңындағы аймақ (минут)	45-90	60-120	120-150	150-ден артық
белсенді ықпал ету аймағы (минут)	60-120	120-150	150-180	180-нен артық

Елді мекендерді - ЕМЖ элементтерін дамыту үшін қолайлы жағдай оның таратып орналастырудың бірінші (қала маңындағы аймаққа дейін 45-90 көліктік қолжетімділік минуты (КҚМ) және тірек қаланың белсенді ықпал ету аймағына дейін 60-120 КҚМ) немесе екінші белдеуде (60-120 және 120-150 КҚМ) орналасуы болып табылады. Үшінші белдеудегі елді мекендерде (120-150 және 150-180 КҚМ) одан әрі даму үшін қолайлы жағдайлары шектеулі.

Іс-қимыл стратегиясы

Халықты таратып орналастыруды тиімді аумақтық ұйымдастыру және оны кейіннен экономикалық кеңістікті қалыптастырумен, оның ішінде республикалық, өңіраралық, облыстық және аудандық маңызы бар қамсыздандырушы инфрақұрылымды дамытудың шоғырландырылған схемаларын іске асырумен өзара байланыстыру мақсатында сәулет-қала құрылысын жоспарлау практикасы жетілдірілетін болады.

Шаруашылық жоспарлаудан аудандық жоспарлауға және елді мекендердің бас жоспарларын одан әрі әзірлеуге әдіснамалық көшуді қамтамасыз ету, сондай-ақ аумақтардың осы заманғы жай-күйіне сәйкес келетін картографиялық негіз құру көзделген жалпы жоспарлау процесіне жаңа саты - өңірлік таратып орналастыру жүйелерін қала құрылысы тұрғысынан талдау енгізілетін болады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының даму стратегияларына (бәсекелі стратегияға) сәйкес Қазақстан Республикасын кеңістіктік дамытудың және оның халқын таратып орналастырудың болжамды схемасымен өзара байланысты кеңістіктік дамудың және таратып орналастырудың перспективалы схемалары әзірленеді.

3.3. Аумақтарды экономикалық ұйымдастыру

Ел мен оның өңірлерінің тиімді ұстанымдануын және кеңістіктік дамуын қамтамасыз ету үшін экономикалық белсенділікті ынталандырудың жалпы экономикалық шараларын іске асырумен қатар мемлекеттің күш-жігерін мынадай нақты міндеттерді шешуге шоғырландыру қажет:

өндірістің аса маңызды факторы ретінде аумақтардың ресурстық әлеуетін ұ т ы м д ы п а й д а л а н у ;

елдің және өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын қалыптастыруға бағытталған бизнесті тиімді аумақтық-экономикалық ұ й ы м д а с т ы р у д ы қ ұ р у ;

экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін толыққанды инфрақұрылым қалыптастыру және адами капиталды сапалы дамыту (бюджеттік инвестициялардың негізгі бағыты).

Осыған байланысты орталық және жергілікті атқарушы органдар қызметінің, олардың жеке сектормен өзара іс-қимылының мынадай негізгі бағыттары айқындалды.

3.3.1. Аумақтардың ресурстық әлеуетін ұтымды пайдалану

Міндеттер. Табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мен ұтымдылығын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақ үшін ресурстық әлеуетті сақтау.

Халықтың күтіліп отырған өсуіне және онымен байланысты ресурспен қамтамасыз етілудің азаюына байланысты табиғи ресурстардың әлемдік ауқымдағы шектеулілігі 21-ғасырдың ортасына қарай жаһандық сипаттағы проблемаларды т у ы н д а т у ы м ү м к і н .

Қазақстан аумақтарының табиғи ресурстарын пайдалану стратегиясы қазірдің өзінде әзірленген (пайдаланылатын) ресурстарды (игерудің қарқынды сипаты) тиімді және ұтымды игеру және ресурстарды кейіннен игеру немесе болашақ ұрпақ үшін сақтау негіздерін құру қажеттігінен шығады.

Бұл туындап отырған шикізат базасын кеңейту қажеттілігінен және тиісті инфрақұрылымның дайындығынан шыға отырып, табиғи және экологиялық ерекше құндылықты білдіретін аумақтарды болашақта өсіру және сақтап қалу үшін резервтік ресурстық аймақтарды бір мезгілде қалыптастырумен қатар (

қорларды барлау), аумақтарды игерудің кезеңдік сипатын болжамдайды.

Табиғи ресурстарды пайдаланудың аса маңызды шарты табиғи ортаға экологиялық әсерді азайту болады.

Тиісті табиғи ресурстарды (жер, су, минералдық-шикізат, рекреациялық) пайдалану және сақтау жөніндегі тұжырымдамалар, бағдарламалар, іс-шаралар өңірлер мен елді кеңістікті дамытудың және оның халқын таратып орналастырудың перспективалы схемаларын әзірлеумен және іске асырумен өзара кешенді байланыста болады.

Жер ресурстары

Міндеттер. Өнімділігі жоғары және экологиялық бағдарланған бейімді жер пайдалануды қалыптастыру арқылы жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету.

Іс-қимыл стратегиясы

Жерге орналастыруды, жер ресурстарын басқарудың экономикалық тетіктерін, жер заңнамасының сақталуын бақылауды жетілдіру арқылы жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

Жер қорының құрылымын санаттар бойынша жетілдіру. Нысаналы мақсаттағы санат жерінің құрамын экономика салаларын дамыту және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келтіру.

Мемлекеттік жер кадастрын жасау және енгізу, тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, оны автоматтандырылған технологияларға к ө ш і р у .

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа іс-шаралармен бір кешенде топырақтың құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, жердің жай-күйіне теріс антропогендік әсер етуді болдырмау, жер ресурстарын қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру есебінен жердің сапалық жағдайын жақсарту жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а у .

Жерді ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен іске асыру кезінде ландшафттық-экологиялық қағидатты кезең-кезеңімен іске асыру, жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін енгізу.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және экологиялық дәліздердің ж е л і с і н д а м ы т у ;

Жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, атап айтқанда жерге орналастыруды және жер қорының құрылымын жетілдіру жөніндегі шаралар өңірлер мен елді кеңістікті дамытудың және оның халқын таратып орналастырудың перспективалы схемаларын әзірлеумен және іске асырумен тікелей өзара байланысты болады.

Су ресурстары

Міндеттер. Суды тұтынуды ұтымды ету, суды үнемдеу, судың ластануын болдырмау, су ресурстарын басқару әдістерін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру арқылы су ресурстарын тиімді пайдалану мен сақтауды (оңалтуды) қамтамасыз ету.

Іс-қимыл стратегиясы

Мынадай шараларды іске асыруды көздейтін Су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғаудың (оңалтудың) 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасын әзірлеу:

өзен ағысын, оның бассейнішілік және өңіраралық қайта бөлінуін реттеудің тиімділігін арттыру;

су үнемдейтін технологияларды, су пайдаланудың айналмалы және жабық жүйелерін енгізу, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында өнімнің бір бірлігіне үлестік су тұтынуды, судың пайдаланушылық шығынын азайту жөнінде шаралар қабылдау;

су ресурстарын сақтауды (оңалтуды), олардың ластануын болдырмауды қамтамасыз ету;

өңірлер экономикасының құрылымын, әсіресе тапшылықты бассейндерде шаруашылық су тұтынуды төмендету немесе оңтайландыру, суды көп қажет етпейтін өндірістерді дамыту және өңделетін жерлер құрылымында суармалы жерлердің үлесін қысқарту жағына қарай қайта құру;

ақы төлеудің қолданыстағы ставкаларын саралау, суды асыра жұмсағаны және су көздерін ластағаны үшін айыппұл санкциялары жүйесін пайдалану, су шаруашылығы объектілерін ұстау және жөндеу жөніндегі шығындарды өзін-өзі өтеушілікке кезең-кезеңімен көшіре отырып, су пайдаланушыларға су беру жөніндегі қызмет көрсетулер үшін баға белгілеуді оңтайландыру бойынша жағдайлар жасау, су тұтыну нормаларын оңтайландыру жолымен су ресурстарын пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру;

жер асты көздерінің суларын кеңінен пайдалану есебінен қолдағы су ресурстарының өсуін қамтамасыз ету;

трансшекаралық су бассейндері бойынша су ресурстарын бөлу жөнінде жақын орналасқан елдермен уағдаластықтарға қол жеткізу;

су-шаруашылық инфрақұрылымын дамыту және қайта жаңартуды жүргізу, су шаруашылығы жүйелерін қазіргі заманғы су өлшеу және суды реттеу құралдарымен жарақтандыру;

су ресурстарын реттеу жүйесін жетілдіру, су ресурстарын басқару модельдерін әзірлеу және келісу (Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті өзіне тән емес, мәселен ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу жөніндегі қызметтен кезең-кезеңімен алшақтап, су ресурстарын ұтымды пайдалану және сақтау мәселелеріне назар аударуға тиіс);

өңірлер халқын кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың перспективалық схемаларын әзірлеп, іске асыра отырып, су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын және Ел халқын кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың болжамды схемасын өзара үйлестіруді қамтамасыз ету.

Минералдық-шикізат ресурстары

Міндеттер. Жер қойнауын пайдаланудың тиімділігін арттыру, елдің минералдық-шикізат кешенінің перспективалық ресурстық базасын дамыту, резервтік ресурстық аймақтарды қалыптастыру арқылы жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету.

Орта және ұзақ мерзімді кезеңде минералдық-шикізат ресурстарын игеру және өндіруші өнеркәсіпті дамыту елдің экономикалық даму қарқынын айқындайды және экономиканың қалған секторлары үшін өсу локомотиві, ал алдағы перспективада - даму орнықтылығы болып табылады.

Осыған байланысты әлемдік даму үрдістерін, ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету қажеттілігін, сондай-ақ даму саясатымен өзара үйлестірілген елдің көлік-коммуникация желісін ескере отырып, минералдық-шикізат ресурстарын игерудің ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатын әзірлеу қажет.

Іс-қимыл стратегиясы

Елдің минералдық-шикізат базасын дамытудың қарқынын, перспективалық бағыттарын, оның ішінде аумақтық байланыстыра отырып анықтайтын Минералдық-шикізат ресурстарын игерудің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасын әзірлеу.

Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізу:

пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау үшін базалық материал ретінде 1:200000 масштабта алаңдарды геологиялық жете зерделеуді жүргізе отырып, жаңа түрдегі картографиялық негіз жасау;

1:200000 масштабта алаңдарды гидрогеологиялық жете зерделей отырып және мемлекеттік өңірлік гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізіп, жер асты суларының перспективалық алаңдарын анықтау және бағалау;

қатты пайдалы қазбаларға, көмірсутек шикізатына және жер асты суларын іздеу және іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу;

минералдық шикізат әлемдік нарығының қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып, пайдалы қазбалардың мемлекеттік теңгерімде тұрған қорларына қайта бағалау жүргізу. Мұндай қайта бағалаудың қажеттігі республикаға шетелдік капитал мен менеджмент тарта отырып, пайдалы қазбалар қорларының бәсекеге

кабілеттілігі мен нарықтық құны туралы мемлекетте дұрыс ақпарат болуға тиістігіне негізделген;

жер қойнауының және жер қойнауын пайдалануды реттеудің мемлекеттік мониторингін жетілдіру.

Рекреациялық ресурстар

Міндеттер. Рекреациялық ресурстарды ұтымды пайдалану мен сақтауды (қалпына келтіруді) қамтамасыз ету.

Қазіргі кезеңде қоғамның рекреациялық қажеттілігінің үнемі өсуі (демалу және денсаулықты қалпына келтіру), сондай-ақ туризмді экономиканың рекреациялық ресурстарды пайдаланатын дербес саласына айналдыру рекреацияға арналған анағұрлым перспективалық ресурстарды рекреациялық жетістіктерді бағалау негізінде неғұрлым дәл бірдейлендіруді талап етеді.

Әлеуетті рекреациялық ресурстарды пайдалану бүгіннің өзінде табиғи ортаға және ресурстардың өзінің жай-күйіне әсер етудің елеулі факторына айналуға, бұл олардың сақталуы мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Іс-қимыл стратегиясы

Әзірленіп жатқан Туристік саланы дамыту бағдарламасын, Өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарларын немесе жекелеген нысаналы өңірлік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде мынадай шараларды іске асыру көзделеді:

өңірлердің табиғи (табиғи кешендер және олардың құрауыштары; бедер, климат, акваториялар, өсімдіктер және басқалар) әрі социогендік (мәдени-тарихи ескерткіштер, сәулет объектілері және басқалар) сипаттағы рекреациялық әлеуетіне, оның жай-күйіне кешенді бағалау жүргізу, қандай мақсатта пайдалану перспективаларын (курорттық-санаторийлік, сауықтыру, экскурсиялық-туристік, спорттық) және маңызын (өңірлік, ұлттық, жергілікті) анықтау;

рекреациялық ресурстардың ірі шоғырланған базасында рекреациялық шаруашылыққа маманданған аумақтық аймақтар қалыптастыру;

Өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарларының немесе жекелеген нысаналы өңірлік бағдарламалардың құрамына рекреациялық ресурстарды сақтау мен ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды енгізу;

маңызды табиғи рекреациялық ресурстар үшін - аумақтардың экологиялық сыйымдылығына негізделген табиғи ландшафттарға рұқсат етілетін рекреациялық жүктемелер (маусымына адам-гектар) әзірлеу, одан асып түсу табиғи кешендердің деструкциясына байланысты;

маңызды тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштерін қорғауды, сондай-ақ қалпына келтіруді (реставрациялауды) қамтамасыз ету;

Алдын ала талдау рекреациялық мамандану үшін мынадай өңірлер перспективалық болып табылатынын көрсетті (12-қосымша):

Іле (Алматы қаласы, Есік қаласы, Қапшағай қаласы, Түрген ауылы, Шарын туристік-рекреациялық аймағы);

Солтүстік Тянь-Шань (Кеген ауылы, Нарынқол ауылы, Жалаңаш ауылы, Көлжатау ауылы);

Солтүстік Жоңғар (Дружба ауылы, Лепсі ауылы, Сарқант қаласы, Алакөл көлі);

Түркістан (Түркістан қаласы, Тұрбат ауылы, Отырар ауылы, Шаян ауылы, Баба-Ата ауылы);

Жамбыл (Тараз қаласы, Мерке ауылы, Мойынқұм ауданы);

Балқаш (Балқаш маңы, Балқаш көлі);

Қарқаралы (Қарқаралы қаласы, Кент таулары);

Жоғарғы Бұқтырма (Қатонқарағай ауылы, Берел ауылы, Рахманов бұлақтары курорты, Марқакөл көлі);

Сайрам-Шымкент (Шымкент қаласы, Сайрам ауылы, Арыс қаласы, Сарыағаш қаласы);

Шучье-Бурабай (Щучинск қаласы, Көкшетау қаласы, Бурабай, Қотыркөл, Зеренді демалыс аймақтары);

Ақтөбе (Абат-Байтақ кесенесі, Қобда ауданы, Жаманшың табиғи қорығы, Ырғыз ауданы, Айдарлыаша Хромтау ауданы, Қарғалы су қоймасы, Темір, Әйтекеби, Алға, Мұғалжар аудандары);
сондай-ақ "Байқоңыр" зымыран-ғарыш кешені.

3.3.2. Еңбекті республикалық, өңірлік және халықаралық бөлуде аумақтарды бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандыру

Міндеттер. Бизнесті аумақтық-экономикалық ұйымдастыру мен жүргізудің осы заманғы моделдерін енгізу есебінен ұлттық, өңірлік және әлемдік экономикалық жүйеде ел өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экономикалық субъектілердің кең аясын экономикалық процестерге тарту, сол арқылы кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру.

Әлемдік тәжірибе елдің экономикалық дамуы оның өңірлерін құрайтындардың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Өңірдің бәсекеге қабілеттілігі деп бүгінгі таңда еңбек өнімділігін арттыру және капиталды ұтымды пайдалану, бизнесті тиімді аумақтық-экономикалық ұйымдастыру, ұлттық, өңірлік және әлемдік нарықтарға кіріктірілу есебінен

халықтың өмір сүруінің жоғары және үнемі өсіп отыратын деңгейіне қол жеткізу қабілеттілігі түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта әлемде аумақтарды экономикалық ұйымдастырудың екі негізгі моделі қалыптасқан - тігінен кіріктірілген (орталықтандырылған) және желілік.

Тігінен кіріктірілген өңірлер үшін негізгі жұмыс берушілер ретіндегі, жергілікті бюджеттерді толықтырудың негізгі көзі және өңірлерде инфрақұрылым шаруашылығын қалыптастырудың негізгі факторы болып табылатын корпоративтік құрылымдарға біріктірілген бір немесе бірнеше ірі жаппай өнеркәсіп өндірістерінің үстемдік етуі тән.

Қатаң орталықтану тән аумақты ұйымдастырудың тігінен кіріктірілген моделінен айырмашылығы желілік өңірлер бірін бірі өзара алмастыра алатын тауарлар мен қызмет көрсетулер өндіретін жеке-дара кәсіпорындар желісін білдіреді.

Кәсіпорындардың өзара іс-қимылы ынтымақтастық және қосалқы келісімшарттық қатынастар туралы келісімдер негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорындардың бір бөлігі дайын өнімді нарыққа шығарады, қалғандарының барлығы осы өндіріске бастама жасаған кәсіпорындар тобының тапсырысы бойынша операцияларды орындайды.

Тұтастай алғанда барлық кәсіпорындар кооперациялар мен өзара іс-қимыл желісін - өңірдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін бірлесіп қамтамасыз ететін өзара байланысты компаниялар мен институттардың географиялық жағынан тұйықталған жиынтығын білдіретін кластерді құрады.

Қазақстан үшін дамудың алдыңғы кезеңдерінде аумақтарды ұйымдастырудың тігінен кіріктірілген моделі экономикалық жағынан ақталған болып табылды, бұл өндірістің технологиялық дәйектілігіне негізделген болатын. Сонымен қатар бүгінде елдің тігінен кіріктірілген өңірлері әлемдік экономикада бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленбейді, жаңа технологиялар мен инновациялардың өндірушілері болып табылмайды.

Оларда негізінен құн жинақтау тізбегінің бастапқы буынындағы өндірістер орналасқан. Мұндай тізбектің ақырғы буындары өңірлерден немесе елден тысқары орналасады, сондықтан қаржы ағындары мен инновациялар негізінен олардан тысқары шоғырланады. Бұл өңірлерді өңірлерді құраушы тігінен кіріктірілген іргелі компаниялардың жұмыс істеп тұруына және нарық конъюнктурасына тәуелді етеді және тұтастай алғанда геоэкономикалық иерархияда бағынысты жағдайға қояды.

Қазіргі заманғы жағдайларда икемді мамандануымен және инновацияларға қабілеттілігімен сипатталатын, кластерлік қағидатты қолдана отырып, бүкіл желінің ресурстарын жұмылдыруға негізделетін аумақтық-экономикалық

ұйымның желілік моделі Қазақстан үшін неғұрлым перспективалы бола түсті.

Желілік модель ұлттық экономикаға үлкен тұрақтылықты қамтамасыз етеді, өйткені оның қозғалтқыш күші, ең алдымен, шикізат емес өңірлердегі экономикалық процестерге экономикалық субъектілердің неғұрлым кең аясын тартуды қамтамасыз ететін шағын және орта кәсіпорындар болады.

Өңірлік кластерлерді құру желілік модельдің пәрменді тетіктерінің бірі болып табылады. Өңірлік кластерлер өңірлер маманданатын қызмет салаларының айналасында құрылатын болады және қазіргі бар әкімшілік-аумақтық бірліктерді қамтып қана қоймай, көршілес аудандардың, облыстардың шекараларын да қ а м т и д ы .

Облыстардың ішіндегі елді мекендер мен аудандардың, сондай-ақ кейбір облыстардың күш-жігері өз кластерлерін құруға ғана емес, сонымен бірге қалыптастырылатын өңірлік кластерлерге қатысуға да бағытталады.

Осы модельдің негізінде әлемдік және өңірлік тауарлармен, қаржымен, жұмыс күшімен, технологиямен және ақпарат алмасу жүйесіне табысты қосылған өңірлер де (мысалы, Алматы қаласы және Алматы облысына іргелес аумақтар) қазірдің өзінде-ақ ұйымдастырылуда, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін а й қ ы н д а й д ы .

Шикізат секторының ірі кәсіпорындары үстемдік ететін өңірлерде өңірлік бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі бағыттары тігінен кіріктірілген компаниялардың анағұрлым жоғары қайта жасау өндірістерін дамыту (шикізатты тереңдетіп қайта өңдеу базасында), аутсорсинг тетіктерін құра және шағын және орта кәсіпорындардың көмекші, қызмет көрсетуші және қайта өңдеуші блогын қалыптастыра отырып, ірі жобалардағы жергілікті құрауыштарды күшейтуді дамыту, сондай-ақ қызмет көрсетуші және көмекші кәсіпорындардың күш-жігерін біріктіру есебінен елдің ірі жүйе құрайтын компанияларының айналасындағы кластерлерді қалыптастыру болып табылады.

Мұндай көзқарас экспорттық секторды дамытудан, оны ұлттық өсімді молайту процесіне белсенді түрде енгізе отырып, ішкі экономиканың қатарлас салаларына және өңірлердің дамуына ауқымды мультипликативтік әсерге қол жеткізуге м ү м к і н д і к б е р е д і .

Ресурстарды жұмылдыру тетіктерінің бірі неғұрлым дамыған өңірлік орталықтарда өзара байланысты бірнеше өңірлерде кәсіпкерлікті жандандыруға бағдарланған Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) қалыптастыру б о л а д ы .

ӘКК активтерді басқара алады, жобаларға бастама жасайды және нақты өңірді дамыту мүддесінде қосымша инвестициялар тартады.

Бұл корпорациялар қызметінің маңызды бағыты өңірде ұзақ мерзімді негізде шағын және орта кәсіпорындардың тауарлары мен қызмет көрсетулеріне сұраныс

қ а л ы п т а с т ы р у

б о л а д ы .

ӘКК-ні дамыту сонымен қатар рентабельді емес кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта басқару тәжірибесінің жинақталуына және ӘКК-ні капиталдандыру деңгейін арттыруға қарай, өңірлік және халықаралық нарықтарға шығуды қоса алғанда, олардың "жауапкершілік саласын" кеңейту мен әртараптандыру туралы мәселе қаралуы мүмкін.

Өңірлердің экономикалық дамуын жеделдету, "серпіліс" жобаларын құруды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар мен осы заманғы инфрақұрылым қалыптастыру, өңірлерге шетелдік және отандық инвестициялар тарту (трансұлттық корпорациялар (ТҰК, әлемдік брендтер) мақсатында арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық парктер құру көзделеді.

Тұтастай алғанда, өңірлердің бәсекеге қабілеттілікке мамандануын қалыптастыру, оның ішінде бәсекеге қабілетті кластерлерді қалыптастыру жолымен, сыртқы нарықтарда бәсекелесу әлеуеті бар мамандықтар (13-қосымша) базасында құрылатын болады.

Өңірлердің мамандануы тұтынушылар мен нарықтарға бағдарланумен қалыптастырылатын болады. Тар маманданған және, дәлірек айтқанда, дәл осы неғұрлым күшті бәсекелік басымдықтарға ие салалары бар өңірлер табысқа қол жеткізетіндігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан өңірлер бір немесе бірнеше салаларға (қызмет салаларына) маманданатын болады, ал барлық қалған қызмет түрлері осы негізгі салаларға қызмет көрсетумен және қамтамасыз етумен байланысты болады.

Жергілікті атқарушы органдар инноваторлар рөлінде бой көрсетіп, дәстүрлі факторларға (табиғи, еңбек ресурстары, қазіргі бар өндірістік қорлар) қарағанда өңірлердің өздері құра алатын және олардың ұзақ мерзімді бәсекелік басымдығын қамтамасыз ететін өндірістің мамандандырылған факторларын (инновациялық әлеует, білікті жұмыс күші, институционалдық орта) құра отырып , экономикалық тұрғыдан өзін-өзі құруға ұмтылуға тиіс.

Іс-қимыл стратегиясы

Мынадай шаралар кешенін іске асыру арқылы өңірлердің бәсекеге қабілеттілікке мамандануын қалыптастыру:

ұлттық, өңірлік және әлемдік экономикалық жүйеде ел өңірлері мен тірек қалаларының ұстанымдану (мамандану) бағыттарын айқындау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу;

облыстардың және тірек қалалардың жүргізілген маркетингтік зерттеулер негізінде өздерінің ұлттық, өңірлік және әлемдік нарықтардағы ұстанымдану бағыттарын айқындайтын бәсекелік даму стратегиясын (бәсекелік стратегияларды) әзірлеуі. Өңірлердің даму стратегиясын әзірлеудің негізінде

мынадай әдіснама жатуға тиіс:

өңірлер ұстанымдануының геоэкономикалық ауқымы;
бірінші кезекте өз мүмкіндіктерін бағдарға алу (өзін-өзі ұйымдастыру мен ішкі ресурстарды жұмылдыру);

өңірлердің өндірістің дәстүрлі факторларын тиімді пайдалануға ғана емес, инновациялық әлеует, білікті жұмыс күші, қазіргі заманғы инфрақұрылым және институционалдық орта сияқты мамандандырылған факторларды дамытуға да бағдарлануы;

салалық және аумақтық кооперациялау әлеуетін сату;
қолайлы бизнес-ахуал жасау және экономикалық субъектілердің кең аясын жалпы экономикалық даму процесіне тарту.

Мемлекеттік органдар, жеке меншік кәсіпорындар, бизнес-қауымдастықтар, ҒЗИ мен басқа да мүдделі құрылымдар өкілдерінің қатысуымен өңірлік стратегияларды қалыптастыру мен іске асыруда мемлекет пен бизнестің серіктестігін қамтамасыз ететін тетік ретінде облыс әкімдерінің жанынан консультативтік-кеңесші органдар ретінде Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі кеңестер құру.

Мыналарға ие болатын бос орындарға:

өңір (немесе бірнеше жақын орналасқан өңірлер) әлеуетті бәсекелік артықшылықтарға ие болатын бос орындарға шығу үшін шағын және орта компаниялардың, сондай-ақ басқа да мүдделі ұйымдардың күш-жігерін біріктіру есебінен;

ірі тігінен кіріктірілген компаниялар әрекет ететін өңірлерде (негізінен мұнай-газ және тау-кен металлургия салаларында) - өңірдің ірі компанияларының талаптарына сай келетін тауарлар мен қызмет көрсетулер жеткізу жөніндегі тапсырыстарды алу мен орындау үшін шағын және орта компаниялардың күш-жігерін біріктіру есебінен кластерлік бастамаларды іске асыру.

Кластерлік зерттеулер нәтижелері бойынша туризм, жүк тасымалы, мұнай-газ машиналарын жасау, тоқыма өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі, металлургия және құрылыс материалдарының өндірісі сияқты салалар мен кіші салаларда кластерлер қалыптастыру перспективалы болып айқындалған (14-қосымша).

Ұзақ мерзімді перспективада басқа да салалар мен кіші салаларда да кластерлерді дамыту көзделіп отыр, ол үшін айқындау үшін кластерлік бастамаларды неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу қажет болады.

Кластерлер екі жолмен құрылады: кенеттен (тікелей мемлекеттік қолдаусыз) және мемлекеттің бастамасы бойынша - "синтетикалық" кластерлер. "Синтетикалық" кластерлерде компаниялар да, мемлекет немесе донорлық компаниялар да көшбасшы бола алады.

Құрылатын кластерлер мынадай сипаттамаларға жауап беруге тиіс: бәсекелік ортаның болуы және сонымен бір уақытта кластерлерге қатысушылар арасындағы кооперациялау, географиялық шоғырландырылуы, бір қызмет түріне мамандануы (мысалы, туризм кластері), қатысушылардың әртүрлі құрамы, ұзақ мерзімділігі және инновацияларға ашықтығы.

Кластерлерді дамытуда жеке бастама негізгі рөл атқаратын болады.

Кластерлік бастамаларды іске асырудағы мемлекеттік органдардың, ең алдымен, жергілікті атқарушы органдардың рөлі жәрдем көрсетуде немесе мынадай жағдайлар жасауда болады:

жеке меншік сектор тарапынан бастама болмаған жағдайда "синтетикалық" кластерді дамытуға бастамашылық ету (маркетингтік зерттеулер жүргізу, кластердің әлеуетті қатысушылары арасында үндесу орнату және басқалар);

бастамашылық кластерлерде - кластердің әлеуетті қатысушылары: өндірушілер, жеткізушілер, сервистік компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, реттеуші органдар мен қаржы институттары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін тиімді үйлестіруші тетіктер (мысалы, үйлестіру кеңестері) құру;

кластерлік даму үшін қамтамасыз етуші инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту: өндірістік және қойма үй-жайларын, кіреберіс жолдарын беру, көлік-логистикалық тораптар, кадрлардың біліктілігін арттыру орталықтарын қалыптастыру; инженерлік желілері бар жер учаскелерін және кластерлерді дамытуды қамтамасыз ететін басқа да объектілер беру;

мыналарды: кластерге қатысушыларды қажетті ақпаратпен (нарық, заңнамалық база, перспективалық жобалар және басқалар туралы) қамтамасыз ету үшін ақпараттық жүйе құруға және оның жұмыс істеуіне жәрдемдесуді; конференциялар, мамандандырылған көрмелер, семинарлар, жарнамалық-тұсаукесер іс-шараларын, кластерлерге әлеуетті қатысушылардың шет елдерге танысу сапарларын ұйымдастыруды және өткізуді, брошюралар, каталогтар мен басқа да материалдар шығаруды көздейтін кластерлерді дамытуды ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

Басқа кәсіпорындарға (шағын және орта бизнес субъектілеріне) мердігер кәсіпорынның өзінен жақсы орындай алатын бизнес-функцияларды немесе бизнес-процестердің бөліктерін беруді көздейтін ірі шетелдік және ұлттық компаниялардың аутсорсингін ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру;

Ірі шетелдік компаниялар өз операцияларын жүргізетін салаларда жергілікті құрамдас бөліктерді күшейту, Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компанияларға өнімдер мен қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерін ұсыну үшін қазақстандық өндірушілер тартуды, оның ішінде:

олардың жергілікті компанияларды дамытуға салатын инвестицияларының пайдалылығы үшін жағдайлар жасай отырып, көмекші, қызмет көрсететін және өңдеуші салаларда шетелдік инвесторлармен бірлескен кәсіпорындар құру;

халықаралық сапа стандарттарын, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың озық әдістерін, оның ішінде осы бөліктегі шетелдік компаниялардың күш-жігерін көтермелей отырып, енгізу жолымен шағын және орта компаниялардың әлеуетін арттыру;

жоғары білікті кадрлар даярлау, оның ішінде осы жұмысқа мүдделі шетелдік инвесторларды тарта отырып даярлау;

ірі компаниялар мен жергілікті жеткізушілер арасында белсенді және тиімді ақпараттық алмасу үшін жағдайлар жасау (ірі компаниялар үшін жергілікті мердігерлер туралы, ірі ұлттық және халықаралық компаниялар ұсынатын мүмкіндіктер туралы, сондай-ақ жергілікті мердігерлер үшін жергілікті құрамдас бөліктер жөніндегі талаптар туралы ақпарат) есебінен тартуды көздейді.

Аутсорсингті енгізу және өндіріс шығынын төмендетуге мүмкіндік беретін және тігінен кіріктірілген компаниялардың жанандық нарықтағы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жергілікті құрамдас бөлікті күшейту жөніндегі шаралар ірі компаниялар үшін қосымша әкімшілік талап емес, олардың операциялық қызметінің бір бөлігі болуға тиіс.

Жергілікті компаниялардың ірі шетелдік компаниялардың технологиялық тізбегіне қол жеткізуі өз өнімдері мен қызмет көрсетулерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және перспективада сыртқы нарыққа да шығуға мүмкіндік береді. Мұндай мамандану шикізат ресурстары сарқылғаннан кейін де жалғаса беруі мүмкін (бірнеше он жыл бұрын мұнай ресурстарының сарқылуына қарамастан, мұнай өнеркәсібінің орталығы болып табылатын Хьюстон қаласы үлгісінде).

Макроөңірлерде қоғамдық мүдде мен табысты қызметті үйлестіретін 5-7 әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар құру.

Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) мен индустриялық парктер (ИП) құру туралы мәселені пысықтау:

Қазақстанда ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің талаптарына сәйкес келетін АЭА жұмыс істеуінің негізгі принциптерін көрсететін арнайы экономикалық аймақтар құру тұжырымдамасын әзірлеу;

АЭА мен ИП құру мәселелерін қозғайтын нормативтік құқықтық базаны өзгерту жөнінде ұсыныстар дайындау;

жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде АЭА мен ИП жұмыс істеуінің әлеуетті экономикалық пайдасын назарға ала отырып, жекелеген АЭА мен ИП құру орындылығы мәселелерін қарау;

АЭА мен ИП-нің өңірлердің экономикалық қызметіне тығыз кірігуін қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеу.

3.3.3. Аумақтық дамуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету

Міндеттер. Экономикалық белсенділіктің өсуі мен әлемдік шаруашылық жүйесіне үйлесімді кіріктірілген бірыңғай ішкі экономикалық кеңістік құру үшін жағдайлар жасау.

Халықтың қолайлы тыныс-тіршілік ортасын жасау.
Өндірістік, энергетикалық, инженерлік, көліктік, телекоммуникациялық, су шаруашылығы, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымды үйлестіре дамытуды қамтамасыз ету.

Кластерлік дамуды қамтамасыз ету инфрақұрылымын қалыптастыру. Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктері арқылы инфрақұрылым объектілерін салуға және пайдалануға жеке меншік капитал тарту.

3.3.3.1. Инновациялық инфрақұрылым

Міндеттер. Ұлттық инновациялық жүйенің (ҰИЖ) орнықты жұмыс істеуін және оны дамытуды қамтамасыз ететін көп деңгейлі инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру, экономика мен экспортқа бағдарланған өндірістердің жаңа жоғары технологиялық секторларын құру.

Инновациялардың ролі мен оларды орнықты генерациялауды қамтамасыз ететін жүйе білімге негізделген, қоғамдық әл-ауқаттың іргетасы болуға қабілетті бәсекеге қабілетті экономика құру үшін аса маңызды.

Елді ұстанымдаудың жаңа міндеттерін шешу тұрғысында:
адам ресурстарын капиталдандыруға;
қоғамдық капиталдың өнімділігін өсіруге;
зияткерлікті қажетсінетін қызмет салаларында халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдау қажеттілігі туындайды.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Қазақстанда:
жоғары оқу орындарынан, ҒЗИ-лардан, ғылыми орталықтардан, білікті жұмыс күшін даярлауға және жаңа идеялар мен әзірлемелерді генерациялауға бағдарланған консалтингтік және білім беретін компаниялардан тұратын, өзара іс-қимыл желісін танытатын білім беру-инновациялық кешендер мен аймақтарды ;

технологиялық парктер мен технологиялық бизнес-инкубаторларды қамтитын, ғылыми идеялар мен әзірлемелерді коммерцияландыруға және тауарларға материалдандыруға бағдарланған бизнес-технологиялық кешендерді; инновациялық қызметті қолдауға бағдарланған және қаржыландыру,

маркетинг, жарнама-көрме қызметі, патенттеу-лицензиялау жұмысы мен зияткерлік меншікті қорғау мәселелерімен айналысатын құрылымдарды қамтитын қолдау кешендерін қамтитын көп деңгейлі инновациялық инфрақұрылым² қалыптастыру көзделеді.

² *Инновациялық инфрақұрылым - инновациялық қызметті іске асыру үшін жағдайды қамтамасыз ететін өзара байланысты өндірістік, консалтингілік, білім беру және ақпараттық құрылымдар кешені.*

Инновациялық инфрақұрылым қалыптастырудың міндетті шарты жоғарыда аталған кешендердің бәрінің болуы және жиынтығында өңірлік инновациялық жүйені құрайтын олардың бір-бірімен тығыз өзара іс-қимылы болып табылады.

Білім беру-инновациялық, бизнес-технологиялық және қолдау кешендері білікті адам ресурстарын (оның ішінде шетелдік) дамыту және тарту, сондай-ақ технологиялар трансфертін қамтамасыз ету саясаты жүргізілетін макроөңірлерде жаңа экономика инфрақұрылымын өрістету міндетін шешуге бағытталуға тиіс.

Алдын ала зерттеулер жоғары шоғырланған ғылыми әлеуеті бар аумақтар: Астана және Алматы қалалары, өнеркәсіптік дамыған өңірлердің жекелеген облыс орталықтары өңірлік инновациялық жүйелер орталықтарын құру үшін перспективалық өңірлер болып табылатындығын көрсетті. Өңірлік инновациялық жүйелер (ӨИЖ) бір әкімшілік-аумақтық бірлікпен ғана шектеліп қалмайды. ӨИЖ-нің жекелеген кешендері көршілес қалалардың, аудандардың және облыстардың аумақтарында болады.

Ұлттық инновациялық жүйе қалыптастыру экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторларының күш-жігерін біріктіру негізінде жүзеге асырылатын болады.

Инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру идеологиясы оның қаржы инфрақұрылымымен (венчурлік инвестициялау, гранттар, инновациялық тәуекелдерді сақтандыру) түйісу, ақпараттық қамтамасыз ету (виртуалды технопарк) және (уәкілетті органдардың инновациялық қызметті, ғылымды және ғылыми-техникалық қызметті, сертификаттау мен стандарттауды, техникалық реттеуді дамыту, барлық мүдделі тараптармен аумақтық даму жөніндегі бірлескен жұмыс) институционалдық шеңберлер мәселелерін қамтуға тиіс.

Инновациялық инфрақұрылымның жоғарыда аталған элементтері толыққанды өңірлік кластерлер құру мен осы базада елді желілік кеңістікте ұйымдастыруды кеңінен жаю процесіне ықпал етуге арналған.

Іс-қимыл стратегиясы

Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру

шеңберінде мынадай шараларды жүзеге асыру көзделеді:
инновациялық инфрақұрылымның қазіргі бар базалық элементтерін: ғылыми және білім беру мекемелерін дамытуды қолдау;
перспективалы өңірлерде және мыналардан тұратын орталықтары бар пилоттық өңірлік инновациялық жүйелер (ӨИЖ) құру:

ұзақ мерзімді перспективада елді ұстанымдау тұрғысынан Қазақстан үшін өзекті тақырыптар бойынша білім беру-инновациялық кешендері мен аймақтардан: (өнеркәсіптік әзірлемелерден, минералдық шикізатты кешенді пайдалану мен қайта өңдеу технологиясынан; ауыл шаруашылығы саласындағы әзірлемелерден; химиялық және биологиялық технологиялардан; экология мен баламалы энергия көздері саласындағы әзірлемелерден; медициналық әзірлемелерден; ядролық технологиялардан; ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардан; ғарыштық зерттеулерден; әскери-өнеркәсіптік технологиялардан; тұрмыста пайдалануға арналған әзірлемелерден);

бизнес-технологиялық кешендерден: олардың ұлттық немесе өңірлік мәртебесін айқындау өлшемдерін әзірлей отырып, технологиялық парктерден, бизнес-инкубаторлардан және өңірлік технологиялар трансферті орталықтарынан ;

инновациялық қызметті қолдау кешендерінен;
ӨИЖ ішінде жоғарыда аталған кешендер арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

оны құруды және дамытуды ынталандыратын шаралар мен тетіктерді пысықтау есебінен бәсекелі инновациялық бизнес орта құру; құрылған және өзін оң жағынан танытқан инновациялық инфрақұрылым объектілерін басқа өңірлерде тарату ғылыми-техникалық секторда алынатын өнімдерді нарықтарға жылжытуды қамтамасыз ететін тұтас жүйені қалыптастыра отырып, жетіспейтін б у ы н д а р к ұ р у ж ә н е д а м ы т у .

Инновациялық инфрақұрылымды аумақтық ұйымдастыруды:
инновациялық қызметтің қаржы инфрақұрылымын дамытумен (венчурлік инвестициялау, мемлекеттік гранттар, инновациялық тәуекелдерді сақтандыру ж ә н е т . с . с .) ;

инновациялық қызметтің ақпараттық инфрақұрылымын дамытумен ("Виртуалдық технопарк" бірыңғай ақпараттық жүйесі);

түрлі институттардың инновациялық қызмет саласындағы тиімді өзара іс-қимыл жасауымен (инновациялық қызметті, ғылым мен ғылыми-техникалық қызметті, сертификаттау мен стандарттауды дамыту өңірлік дамыту жөніндегі уәкілетті органдар, "Ұлттық инновациялық қор" АҚ, "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ, Үкімет жанындағы Жоғары

ғылыми-техникалық комиссия, жоғары оқу орындары, ҒЗИ, мүдделі мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар және бизнес-серіктестер мен басқалар); ел өңірлерінің өңірлік инновациялық жүйелердің жекелеген кешендері мен аймақтарын ұйымдастыру жөніндегі өздерінің бәсекеге қабілетті мүмкіндіктерін (жобаларын) айқындауымен және іске асыруымен өзара байланыстыру мәселелерін пысықтау.

3.3.3.2. Көлік-коммуникациялық инфрақұрылым

Міндеттер. Экономиканың көлік қызмет көрсетулеріне деген қажеттіліктері мен елді өңірлік және әлемдік экономикалық жүйеге кіріктіруді қамтамасыз ететін толыққанды ұлттық көлік-коммуникациялық инфрақұрылым қ а л ы п т а с т ы р у .

Көлік-коммуникациялық инфрақұрылымның рөлі елді және оның өңірлерін әлемдік шаруашылық жүйесінде ұстанымдаудың жаңа міндеттерін іске асыру, экономикалық кеңістіктің және елдің халқын таратып орналастыру жүйесінің қаңқасын қалыптастыру үшін аса маңызды.

Көлік-коммуникациялық жүйені одан әрі дамыту - елдің іргелес әлемдік экономикалық топтармен (Еуропалық Одақ, ТМД, Оңтүстік-Шығыс Азия және Таяу Шығыс елдері) өзара тиімді кірігуін қамтамасыз етуге, ел өңірлерінде кластерлер құру мен оларды дамыту жөніндегі жалпыұлттық жобаларды іске асыруға ықпал етуге және мынадай негізгі міндеттерді шешу тұрғысынан қ а р а л у ғ а т и і с :

отандық өндірушілер өнімінің сыртқы және ішкі нарықтарға, экономика шығындарының құрылымындағы көліктік құрамдас бөлікті қысқарта отырып, қысқа мерзімде және орнықты шығуын қамтамасыз ету;

аумақтар мен олардың халқының әлеуметтік-экономикалық өсу көздеріне қол жеткізуіне жол ашатын елдің байланыстылығын, оның ішкі кірігуін қамтамасыз е т у ;

елдің және оның өңірлерінің сыртқы нарықтарға кірігуін қамтамасыз ету мәселелерін шеше отырып, көлік әлеуетін барынша тиімді пайдалану;

елдің маңызды көлік тораптарын бүкіл Орталық Азия өңіріне қызмет көрсететін сауда-логистикалық орталықтарға айналдыру.

Жоғарыда көрсетілген барлық міндеттерге сәйкес келетін инфрақұрылымдық жобалар бірінші кезекте іске асырылуға тиіс.

Республиканың көлік-коммуникациялық кешеніндегі жай-күйді жүйелі талдау қазіргі бар проблемаларды шешу үшін оны дамытуды реттеудің шоғырландырылған жүйесін әзірлеу және іске асыру қажет екендігін көрсетті, б ұ л :

қазіргі бар институционалдық және ұйымдастырушылық құрылым шеңберінде өзара байланыс және келісім арқылы шешуді талап ететін, қаралатын мәселелердің ведомствоаралық және салааралық сипатына;

экономикалық субъектілердің көлік қызмет көрсетулеріне деген мүдделерін жан-жақты есепке алу және оны дамытуға жұмсалатын шығындарды оңтайландыру қажеттілігіне негізделген.

Мемлекеттік реттеудің тұтас объектісі ретінде қаралатын, ұлттық көлік-коммуникациялық инфрақұрылымның түрлі магистралдық және тораптық элементтерінің тұжырымдамалық әрі технологиялық жағынан өзара байланысты жүйе ретінде оны қалыптастыру мен перспективалық дамытудың жаңа идеологиясын әзірлеу қажет.

Осы идеологияның мазмұнында көлік-коммуникациялық кешенді одан әрі дамытудың басымдығы (әсіресе жаңа бағыттарды жоспарлау кезінде) коммуникациялық дәліздер мен тораптық сауда-логистикалық орталықтар қалыптастыру (нығайту) болуға тиіс.

Коммуникациялық дәліз ұғымы онда:
магистралдық темір жолдың;
автомобиль жолының (кемінде II техникалық санаттың);
талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТОБЖ);
транзиттік электр беру желісінің (ЭБЖ);
магистралдық газ және мұнай құбырларының (экономикалық орындылығы кезінде);

қызмет көрсететін персоналы жалпы әлеуметтік инфрақұрылымы бар арнайы құрылатын елді мекендерге көшірілетін сервис орталықтарының (масштабты үнемдеу) болуын көздейді.

Коммуникациялық дәліздердің тиімділігін арттыру үшін жолаушылар мен жүк тасымалын ұйымдастыру мен жүзеге асыру процесінде көлік түрлері арасында технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін көлік тораптары қалыптастырылатын болады, ал жаңа коммуникациялар салу - оларды пайдалануға беру мен одан әрі ұстау жөніндегі жиынтық шығындарды оңтайландыру мақсатында өзара үйлестіріледі.

Өңіраралық көлік ағындарын жүйелендіру және өңірлердің экономикалық белсенділігін өсіруді ынталандыру үшін көлік-логистикалық тораптар (КЛТ) құрылатын болады, олар мыналарды қамтиды:
көлік торабы;

жүктерді өңдеу, оларды шоғырландыру және партияларға бөлу жөніндегі орталық;

жүктердің сапасын бағалау жөніндегі орталық.

КЛТ негізгі жүк ағындарының қиылысу пункттерінде орналасуға тиіс.

Ірі көлік-логистикалық тораптар ұлттық деңгейдегі сауда-логистикалық орталықтарды (СЛО) қалыптастыруға негіз болады.

Қазіргі бар және қалыптастырылатын коммуникациялық дәліздер ел дамуының стратегиялық осьтері шеңберінде қалыптастырылатын Солтүстік Қазақстан, Орталық (тіректік) және Оңтүстік Қазақстан сауда-экономикалық дәліздерінің негізгі, инфрақұрылымдық құрамдас бөлігін құрауға, елдің өңірлік және жаһандық нарықтарға (транзит әлеуетін сатуды қоса алғанда) кірігуіне де, экономикалық белсенділіктің тиімді дамитын аймақтарын қалыптастыру базасы ретінде сауда-логистикалық орталықтардың ел кеңістігінде өрістету процесіне де жәрдем етуге тиіс.

Сауда-экономикалық дәліздер шеңберінде коммуникациялық дәліздерді қалыптастырудың ұзақ мерзімді перспективалары Елді кеңістіктік дамыту және таратып орналастырудың болжамдық схемасында және осыған ұқсас өңірлік (өңіраралық) перспективалық схемаларда көрсетілетін болады, мұнда оларды дамытумен қатар қамтамасыз етуші инфрақұрылымның басқа да түрлерін қалыптастыру үйлестіріледі.

Мемлекеттік органдардың, көлік ұйымдарының, тауар өндірушілердің өнім мен қызмет көрсетулерді өткізу нарықтарына жылжытудың тиімді схемаларын қалыптастырудағы күш-жігерін үйлестіру үшін көлік-логистикалық кластер құрылатын болады.

Бюджеттік қаржыландырумен қатар, инфрақұрылымдық жобалардың капиталды көп қажетсінуіне қарай көлік және коммуникация саласындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру нысандарының бірі мемлекеттік-жеке меншік серіктестік (МЖС) болады. Бұл ретте іске асырылуын мемлекеттік-жеке меншік серіктестік арқылы жүзеге асыру орынды болатын стратегиялық мәні бар басым инфрақұрылымдық жобалардың тізбесі анықталатын болады.

Іс-қимыл стратегиясы

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясын және елдің көлік-коммуникациялық кешенін дамытуға қатысты басқа да бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде мыналар көзделеді:

коммуникацияның барлық инфрақұрылымын жаңғырту және кешенді дамыту, инновациялық технологияларды енгізу, халықаралық дәліздердегі және негізгі республикаішілік бағыттардағы магистральдық желінің техникалық жай-күйі деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

тиімді және оңтайлы көлік-коммуникациялық желі құру, оны дамыту мен ұстауға арналған жиынтық шығындарды ұтымды ету мақсатында Ұлттық көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды ("Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингтің қызметін қоса алғанда) дамытуды реттеудің шоғырландырылған жүйесі;

м ы н а л а р д ы :

"Көліктік логистика" пилоттық кластерін жасау мен дамытуды;
кластерлік дамуды қамтамасыз ету инфрақұрылымын қалыптастыру үшін
негізгі коммуникациялық дәліздерде республикалық, өңірлік және жергілікті
деңгейдегі көлік-логистикалық тораптарды өрістетуді;

Алматы, Астана, Ақтөбе, Ақтау, перспективада - Орал, Қарағанды
қалаларында ұлттық деңгейдегі ірі сауда-логистикалық орталықтарын құруды
қоса алғанда, көлік-коммуникациялық кешеннің қалған экономика
секторларымен жұмысын тиімді үйлестіру;

м ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің
құрамында ел аумағы арқылы жүктердің транзиті кезінде туындайтын
проблемаларды шешу үшін арнайы құрылым құруды;

мультимодальдық тасымалдарды (көлік жүйесінің логистика принциптерінде
қағидаттарында жұмыс істеуі) нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді;

аралас теміржол және автомобиль тасымалдары одақтарын құруға
б а с т а м а ш ы л ы қ ж а с а у д ы ;

Трансазиялық теміржол магистралі (ТАТМ) өтетін елдердің өкілдері кіретін
консорциум түрінде ТАТМ-ның Солтүстік және Оңтүстік дәліздері бойынша
трансұлттық операторлар құруға бастамашылық жасауды;

ТАТМ-ның Солтүстік және Оңтүстік дәліздерінің бойындағы
көлік-логистикалық тораптарды дамыту, қазіргі заманғы технологияларға сәйкес
шекаралық көлік өтпелерін жаңғыртуды;

ел аумағы арқылы өтетін жүк транзитіне кедергі келтіретін "нақты тұрғыдан
емес" (әкімшілік, кедендік) тосқауылдарды жою жөнінде шаралар қабылдауды;

контейнерлік, контрейлерлік және мультимодальдық тасымалдарды
дамытуды жандандыру (жетілдіру) жөнінде шаралар әзірлеуді және іске асыруды
;

Алматы және Астана қалаларының әуежайлары арқылы (Токио, Сингапур
қалаларының үлгісі бойынша) жолаушылардың авиациялық транзитін
жандандыру жөнінде шаралар әзірлеуді қоса алғанда, елдің транзиттік әлеуетін
д а м ы т у .

Көлік-коммуникациялық қызмет көрсетулер саласындағы ұлттық заңнаманы
халықаралық - нормалармен үйлестіру (басым халықаралық конвенцияларға,
келісімдерге және хаттамаларға қосылу);

инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың, сондай-ақ
көлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін ұстаудың және
пайдаланудың жаңа тетіктерін енгізу, оның ішінде:

мемлекеттік-жеке меншік серіктестік құралдарының;

инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың;
ақылы автомобиль жолдарын енгізудің (атап айтқанда Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын (ҰАААЖ), "Алматы - Қапшағай" жоғары сыныпты автомобиль жолдарын салу және кейіннен пайдалану), сондай-ақ ұлттық деңгейдегі ақылы автомагистралдар салу және пайдалану миссиясы бар жапондық NDK (Xihon Doro Kodan немесе Japan Highway Public Corporation) үлгісіндегі табыссыз ұлттық компания құрудың орындылығын зерделеудің;
көлік-логистикалық тораптар мен сауда-логистикалық орталықтарды құруға және пайдалануға жеке меншік инвесторларды тартудың;
көлік-коммуникация инфрақұрылымын құру және жаңғырту жөніндегі шараларды іске асырудың негізінде.

Т е м і р ж о л к ө л і г і :

негізгі халықаралық темір жол дәліздерінде өткізу қабілетін, бағыттық жылдамдықты ұлғайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру (тиісті инфрақұрылым қ а л ы п т а с т ы р а о т ы р ы п) :

темір жолдар салу (қайта жаңғырту) есебінен темір жолдар жүйесінің тіректік қаңқасы мен транзиттік әлеуетін нығайту және ұлғайту (15, 16-қосымшалар);
елдің магистральдық темір жолдарының жүк тасымалы неғұрлым жоғары у ч а с к е л е р і н э л е к т р л е н д і р у ;

Халықаралық темір жол кеңесімен (ХТЖК) және Темір жол ынтымақтастығы ұйымымен (ТЖБІҰ) бірлесіп, N.E.W. - corridor (Қытай - Қазақстан "Достық - Петропавл" - Ресей - Норвегия - Бостон (АҚШ) жобасын іске асыру.

А в т о м о б и л ь к ө л і г і :

Қазақстан Республикасының Автомобиль саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде (17-қосымша) м ы н а л а р к ө з д е л і п о т ы р :

негізгі халықаралық транзиттік дәліздерге енгізілген республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерін қайта жаңғырту (салу), жөндеу (олардың жоғары жүк тасығыштығынан шыға отырып, бірінші кезекте);

ауылдық жерлер елді мекендерінің автокөлік қатынастарына қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын сақтау және қалпына келтіру;

халықаралық стандарттарға сәйкес келетін (Жапониядағы "жол станциялары" үлгісі бойынша) транзиттік трассалардың бойындағы жол бойы инфрақұрылым объектілерін құру.

Ә у е к ө л і г і :

республиканың тораптық әуежайларының барлық инфрақұрылымын қайта жаңғырту (жаңғырту) және техникалық жай-күйін халықаралық стандарттар деңгейінде ұстап тұру, Астана, Алматы, Атырау қалаларында әуежайлар

қызметін "хабтар" принципі бойынша ұйымдастыру;
аэронавигациялық жүйелерді жаңғырту және дамыту.

С у к ө л і г і :

негізгі теңіз порттарының инфрақұрылымын қайта жаңғырту (жаңғырту);
өзіміздің теңіз сауда флотын, сондай-ақ теңіз операцияларына қолдау көрсету
ф л о т ы н қ ұ р у ;

кеме қатынасы қауіпсіздігін жүзеге асыру үшін ішкі су жолдарында кеме
жүрісінің кепілдік берілген габариттерін қамтамасыз ету;
мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту.

Құбыржол көлігі (18-қосымша):

елдің көмірсутегі ресурстарын сыртқы нарықтарға экспорттау бағыттарын
эртараптандыратын мұнай құбырларын салу;
қазіргі мұнай құбырларының өткізу қабілетін кеңейту;
газ-көлік жүйесін жаңғырту.

Электр энергиясын тасымалдау:

Ұлттық электр желісін (ҰЭЖ) жаңғырту (19-қосымша);
"Солтүстік - Оңтүстік" 500 кВ екінші транзит желісін салу (аяқтау);
елдің батыс өңірлерінің электр энергиясына тапшылығын жабу үшін
транзиттік ЭБЖ-лар салу.

Телекоммуникациялар және байланыс:

Ұлттық ақпараттық супермагистраль (ҰАСМ) салуды аяқтау (20-қосымша);
жергілікті телефон желілерін жаңғырту және дамыту, ауылдық телефон
байланысын дамыту үшін сымсыз қол жеткізу технологияларын пайдалану,
байланысты цифрландыру деңгейін әрбір өңір және тұтастай ел бойынша 100 %-
ға дейін жеткізу (қазіргі деңгейі 72,1 %);

KAZSAT ұлттық байланыс спутнигін және спутниктер тобын орбитаға
ш ы ғ а р у ;

Ұлттық көлік-коммуникация инфрақұрылымын дамыту жөніндегі
іс-шараларды іске асыру шеңберінде елдің аумақтық дамуының стратегиялық
осьтерімен өзара байланысатын сауда-экономикалық дәліздер қалыптастыру
ұйғарылып отыр.

Солтүстік Қазақстан сауда-экономикалық дәлізі (СҚСЭД)

СҚСЭД-нің бүкіл өн бойында коммуникациялық желілер негізінен
қалыптасқандығына байланысты осы бағыттағы негізгі міндет мынадай
коммуникациялық дәліздерді, олардың учаскелерін, сондай-ақ көлік тораптарын
н ы ғ а й т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

"Солтүстік Қазақстан - Батыс Қазақстан" коммуникациялық дәлізі:
"Хромтау - Алтынсарин" темір жол учаскесін одан әрі абаттандыру, "Тобыл -
Хромтау - Қандыағаш - Мақат - Ақсарай" темір жол учаскелерін электрлендіру;

"Ақтөбе - Қарабұтақ - Қостанай облысының шекарасы" автомобиль жолын қайта жаңғырту; "Торғай - Қарабұтақ" автомобиль жолын салу мәселесін пысықтау;

елдің батыс өңірлерінің электр энергиясына деген тапшылығын жабу үшін транзиттік ЭБЖ салу (Жітіқара (Қостанай облысы) - Өлке (Ақтөбе облысы) 500 к В В Л) .

Орал және Солтүстік макроөңірлерінің байланыстылығын қамтамасыз ете отырып, Солтүстік Қазақстанның тауар өндірушілерінің Каспий теңізінің теңіз порттарына шығуы, перспективада осы коммуникациялық учаске оған Ресей Федерациясының Шығыс бөлігінің тауар ағындарын тарта отырып, қалыптастырылатын "Солтүстік - Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізінің шығыс бөлімшесін құруы мүмкін.

Осыған байланысты Каспий макроөңірінің көлік тораптарына шығуды қамтамасыз ететін "Ақтөбе - Атырау, Ақтау" коммуникациялық учаскесін нығайту перспективалы міндет болып табылады (темір жол және автомобиль жолдары желісін жаңғырту).

"Қытай - Қазақстан - Ресей Федерациясы - Еуропа" көлік дәлізі: Трансазиялық темір жол магистралінің (ТАТМ) солтүстік бөлігінің өткізу қабілетін арттыру және инфрақұрылымын нығайту;

"Шар - Өскемен" темір жол учаскесін салуды аяқтау; темір жолдардың жекелеген учаскелерін электрлендіру; өңірдің ірі тіректік қалалары арасындағы қатынас сияқты, "Қытай - Ресей Федерациясы - Еуропа" бағытындағы жүк тасымалын қамтамасыз ететін негізгі халықаралық бағыттарда автомобиль жолдарын салу (қайта жаңғырту, оңалту); "Майқапшағай - Семей - Павлодар - Ресей Федерациясының шекарасы", "Астана - Қостанай - Ресей Федерациясының шекарасы" және басқа да автомобиль жолдарын қайта жаңғырту (оңалту);

"Жаңа Еуразиялық көлік бастамасы" (NELTI) - "Пекин - Бақты - Берлин" " жасыл" көлік дәлізі жобасын іске асыру.

Астана, Ақтөбе қалаларында КЛТ (жүк және жолаушылар терминалдарын жаңғырту, процессінгілік орталықтар құру, Астана қаласының әуежайын "хаб" принципі бойынша ұйымдастыру) және Қостанай, Орал қалаларында СЛО құру.

Оңтүстік - Қазақстан сауда-экономикалық дәлізі (ОҚСЭД) (қалпына келтірілген Ұлы Жібек жолы) Осы бағыттағы негізгі міндет бәсекеге қабілетті "Қытай - Қазақстан - Орталық Азия, Кавказ, Ресей - Еуропа" коммуникациялық дәлізін, "Солтүстік-Оңтүстік" транзит дәлізінің қазақстандық учаскесін оларда ел өңірлеріне де, ортаазиялық өңіріне де қызмет көрсететін маңызды көлік-логистикалық тораптар мен сауда-логистикалық орталықтарын өрістете отырып қалыптастыру болып табылады.

Дәліздің бүкіл бойындағы барлық коммуникация кешенін жаңғыртумен және оны халықаралық стандарттарға сәйкес келтірумен қатар, жекелеген учаскелердегі магистральдық және тораптық элементтерді күшейту (құру) қажет:

Достық көлік өтпесін күшейту "Ақтоғай - Достық" темір жолын жаңғырту "Қорғас - Сарыөзек", "Бейнеу - Шалқар", "Маңғышлақ - Баутино", "Ералиев - Құрық" темір жолының жаңа учаскелерін салу, "Бейнеу - Мақат" темір жолының учаскесін жаңғырту, "Ақтоғай - Достық", "Алматы - Ақтоғай" темір жолдарының учаскелерін электрлендіру.

Өңірдің ірі тірек қалалары арасындағы қатынасты да, мынадай бағыттардағы жүк транзитін де қамтамасыз ететін негізгі халықаралық бағыттарда автомобиль жолдарын салу (қайта жаңғырту, оңалту):

Орта Азия елдері және одан әрі Таяу Шығысқа;
Ресей Федерациясы және одан әрі Еуропаға;

Ақтау порты ("Шалқар - Арал" және "Бейнеу - Шалқар" автомобиль жолдарын салу мәселесін пысықтай отырып) және одан әрі Кавказға.

Ақтау халықаралық теңіз сауда портын кеңейту, Баутино және Құрық порттарының порттық инфрақұрылымын дамыту, Атырау өзен портын жаңғырту ;

"Батыс Қазақстан - Қытай" мұнай құбырын салу, Каспий құбыржол консорциумының (КҚК) өткізу қабілетін 67 млн. т дейін, "Өзен - Атырау - Самара" мұнай құбырын 25 млн. т дейін кеңейту, "Орта Азия - Орталық" газ тасымалы жүйесін жаңғырту, "Қазақстан - Түркіменстан - Иран" мұнай құбырын, "Каспий өңірі - Қытай" магистральдық газ құбырын салу мәселесін пысықтау.

Алматы (оны перспективада Орта Азиядағы ірі СЛО-ға айналдыра отырып), Ақтау (мультимодальдық көлік торабы, перспективада - СЛО) қалаларында ірі КЛТ, оның ішінде Алматы және Астана қалалары әуежайларының қызметін "хаб" принципі бойынша ұйымдастыру және басқа да ірі тірек қалаларда СЛО қалыптастыру маңызды міндет болып табылады.

Орталық (тірек) сауда-экономикалық дәліз (ОТД)

Елдің көлік-коммуникациялық жүйесінің тірек қаңқасын құрайтын ОТД шеңберінде коммуникациялық дәліздерді дамыту елдің біртұтас экономикалық кеңістігін қалыптастырудың әрі өңірлік және әлемдік нарықтарға көпжақты шығудың негізі болады.

Жақын перспективада осы бағыттағы негізгі міндет Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанның байланыстылығын және "Қытай - Қазақстан - Ресей Федерациясы - Еуропа" бағытында жүк транзитін қамтамасыз ететін қазіргі бар коммуникациялық дәліздерді (темір жол және автомобиль жолдары, "Солтүстік-Оңтүстік" электр беру желілері, "Солтүстік-Оңтүстік" 500 кВ

транзитінің екінші желісін салуды аяқтау) нығайту болып табылады.

ОТД шеңберінде коммуникациялық дәліздерді дамыту перспективалары:

Солтүстік-Шығыс пен Орталық Қазақстанды Батыс Қазақстан өңірлерімен коммуникациялық кіріктіруді және Еуропа мен Таяу Шығыстың сыртқы нарықтарына қысқа жолмен шығуды;

жаңа өтпелі транзит дәліздерін (бұл бағытта "Батыс Қазақстан - Қытай" магистралдық мұнай құбырының құрылысы қазірдің өзінде басталған) қалыптастыруды қамтамасыз ететін "Шығыс-Батыс" бағытында негізінен орталық ендік дәліз қалыптастырумен айқындалатын болады.

О с ы м а қ с а т т а :

"Жезқазған - Сексеуіл" темір жолын салу;
"Арал - Жезқазған" автомобиль жолын салу (Арал - Қоскөл учаскесінде), "Ырғыз - Торғай - Державин - Астана", "Жезқазған - Қызылорда" автомобиль жолдарын қайта жаңғырту мәселелерін пысықтау көзделеді.

3.3.3.3. Тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылым

Міндеттер. Экономика мен халықтың электрмен, жылумен, сумен және газбен жабдықтаудың сапалы қызмет көрсетулеріне деген сұранымын қамтамасыз ететін тіршілікті қамтамасыз етудің сенімді инфрақұрылымын құру.

Қазіргі уақытта тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту басымдығы барлық аумақтар мен елді мекендер үшін қызмет көрсетулердің (су, жылу, жарық) негізгі түрлерінің ең аз жинағына жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте инфрақұрылым объектілерін ұсынылатын қызмет көрсетулерді орталықтандыру деңгейін ұтымды ету ресурс үнемдейтін технологиялар енгізу, энергия ресурстарының өңіраралық жеткізілімдерін жетілдіру, ресурстардың баламалы көздерін игеру есебінен дамыту мен ұстауға арналған жиынтық шығындарды ұтымды етуді қамтамасыз ету қажет.

Кейіннен халықтың қолайсыз аудандардан қолайлы аудандарға табиғи ағынын ынталандыру мақсатында экономикалық жағынан перспективалы өңірлерде (басым оза өсу аймақтарында) неғұрлым дамыған тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру көзделеді.

Тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту және оны орналастыру өңірлердің халқын кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың перспективалық схемаларына және ел халқын кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың болжамды схемасына, сондай-ақ көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды кешенді дамытуға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Электрмен және жылумен қамтамасыз ету

Негізгі міндет. Ел экономикасы мен халқын электр және жылу энергиясымен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету.

Іс-қимыл стратегиясы

Электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын (21-қосымша) іске асыру шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындарды электр энергиясымен іркіліссіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін тозған техникалық ресурстың негізгі жабдықтарын жаңаларымен ауыстыра отырып, қолданыстағы электр станцияларын техникалық қайта жарақтандыру және жаңғырту;

елдің электрге тапшы өңірлеріне артық электр энергиясын беру көлемін кейіннен ұлғайту және елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру үшін жаңа электр станцияларын салу, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және қайта жаңғырту;

шағын қуатты электр станцияларын салу базасында генерациялаушы көздерді, бірінші кезекте мұнай-газ кен орындарының табиғи және ілеспе газы пайдаланылатын өңірлерде шағын газ турбиналық және бу-газ электр станцияларын дамыту;

зор су энергетикалық әлеуеті бар өңірлерде (Оңтүстік және Шығыс Қазақстан) жаңартылатын энергия көздерін (шағын ГЭС, ЖЭС) пайдалану;

жел энергиясының едәуір әлеуеті бар өңірлерде (Оңтүстік және Шығыс Қазақстан: Жоңғар қақпасы, Шелек дәлізі) жел электр станцияларын салу мәселесін пысықтау;

әсіресе ауылдық және шалғай өңірлерде күн энергиясын пайдалану мәселесін пысықтау;

ресурс үнемдейтін нормалар мен лимиттерді әзірлеу және енгізу, ғимараттар мен құрылыстардың энергиялық аудиті түрінде оларға стандарттау мен сертификаттауды жүргізу;

Қазақстанда жылумен жабдықтауды реформалаудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу, оның шеңберінде мынадай іс-шараларды көздеу керек:

электр мен жылу энергиясын аралас өндіруді барынша ықтимал пайдалану мақсатында қолданыстағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғыртуды және жаңғыртуды жүзеге асыру;

энергия үнемдейтін технологиялар енгізу жолымен жылумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және тұтыну кезінде жылу шығынын қысқарту;

жылумен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және жылу энергиясын беруге жұмсалатын шығындарды төмендету мақсатында орталықтандыру деңгейлерін

оңтайландыру бөлігінде қалалар мен кәсіпорындарды жылумен жабдықтау
с а я с а т ы н қ а й т а қ а р а у ;

бастапқы энергия ресурстарын сақтау мақсатында энергия көздерінен қоршаған ортаға зиянды шығарындыларды азайту үшін жылуландырудың коммерциялық тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеу және жүзеге асыру.

Сумен жабдықтау және кәріз

Міндеттер. Халықты ауыз сумен кепілдік берілген сапада және қажетті көлемде қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету қызметін басқаруды және үйлестіруді жетілдіру.

Іс-қимыл стратегиясы

2010 жылға дейін есептелген "Ауыз су" салалық бағдарламасына өзгерістер енгізу, оның шеңберінде мынадай іс-шараларды көздеу керек:

инвестициялау басымдықтары мен кезеңдерін көрсете әрі орталық және өңірлік басқару деңгейлері арасындағы жауапкершіліктің аражігін ажырата отырып, елдің әрбір елді мекеніндегі су құбыры мен су тазарту құрылыстарын толық түгендеу мен паспорттандыру негізінде ауыз сумен жабдықтау желісін дамытуда қажеттілікті айқындау жөнінде әдіснамалық ұстанымдар әзірлеу;

сумен неғұрлым аз қамтамасыз етілген өңірлерде сумен жабдықтаудың қазіргі бар жүйелерін қалпына келтіру әрі жетілдіру және жаңаларын салу жөніндегі іс-шараларды инвестициялау басымдықтары мен кезеңдерін айқындау, тұтынылатын судың сапасын жақсарту жөніндегі жаңа технологияларды енгізу;

бірінші кезекте су құбырларын жүргізу қиын өңірлерде сумен жабдықтаудың жаңа көздерін игеру мен баламалы көздерін дамытуды қарқындату, жер асты суларының қорларын барлау және нақтылау;

жоғарыда көрсетілген қағидаттарды ескере отырып, аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз жүйесін жақсарту жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

ауыз суды басқа мұқтаждарға мақсатсыз пайдалануды болдырмау жолымен оны ұтымды пайдалану және су үнемдейтін технологиялар енгізу;

құрылысы аяқталған ауыз сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану жөнінде ұйымдар құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру.

Газбен жабдықтау

Міндеттер. Магистралдық газ құбырларының орналасуын шыға отырып, табиғи газды тасымалдаудың жергілікті желілерін дамыту есебінен өңірлерді газбен қамтамасыз ету, сұйытылған газ өндіру мен оны сенімді жеткізуді өрістету.

Іс-қимыл стратегиясы

Қазақстанда 2004-2010 жылдарға арналған газ саласын дамыту бағдарламасы шеңберінде мынадай іс-шараларды іске асыру көзделген:

мұнай кен орындарында газды кәдеге жарату есебінен оны өңдеу жөніндегі жаңа қуаттар салу мен қазіргі барларын кеңейту арқылы табиғи және сұйытылған газ өндірісі үшін базаны дамыту жөнінде шаралар кешенін жүргізу;

сұйытылған көмірсутекті газды тасымалдау үшін темір жол цистерналары п а р к і н к е ң е й т у ;

газ саласының барлық субъектілері мен жергілікті атқарушы органдардың тарапынан экономикалық, ұйымдық және құқықтық жағдайлар жасау негізінде табиғи және сұйытылған газ нарығын дамыту;

салу ұйғарылып отырған магистралдық газ құбырлары бойындағы жаңа аумақтарды газдандырудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

Батыс Қазақстанның кен орындарынан Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанға газ тасымалдаудың экономикалық жағынан орынсыздығына байланысты осы өңірлерге газ жеткізудің неғұрлым арзан нұсқасы ретінде көмір қойнауқаттарынан шығатын метанды пайдалану технологиясын енгізу.

Мұнай өнімдерімен және көмірмен қамтамасыз ету

Негізгі міндеттер. Қазақстан экономикасының салаларын, оның ішінде электр энергиясы мен жылу өндіретін кәсіпорындарды, коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықты және халықты отынмен қамтамасыз ету.

Іс-қимыл стратегиясы

Жаңа көлік-коммуникациялық дәліздерді дамытуды ескере отырып, көмір мен мұнай өнімдерін өңіраралық жеткізу схемаларын жетілдіру.

Мұнай өнімдері мен көмірдің қажетті көлемін сенімді жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында - станциялардағы қоймалар мен алаңқайларға, аудан орталықтары мен шалғай аумақтардағы ауылдарға теміржол және автомобиль жолдарының, құбыржолдардың кешенді жүйесімен өзара байланысқан кіреберіс ж о л д а р с а л у .

Өндіру немесе негізгі тұтыну аудандарында шағын қуатты жаңа мұнай өңдеу зауыттарын (МӨЗ), аз тонналық мұнай өңдейтін қондырғылар салу.

3.3.3.4. Су шаруашылығы инфрақұрылымы

Міндеттер. Су шаруашылығы инфрақұрылымын және оны басқару жүйесін жетілдіру есебінен экономика мен халықтың шаруашылық және ауыз суға қажеттілігін қ а м т а м а с ы з е т у .

Осы салаға мемлекеттік инвестицияларды неғұрлым тиімді салу мақсатында су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту аумақтың сумен қамтамасыз етілу дәрежесі, нақты өңірлерді кеңістіктік дамыту мен олардың тұрғындарын таратып

орналастырудың перспективалы схемалары, шаруашылық және ауыз судың баламалы көздерін пайдалану мүмкіндіктері ескеріле отырып жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Су шаруашылығы инфрақұрылымын және оны басқару жүйесін жетілдіру есебінен су үнемдеуші технологияларды, су пайдаланудың айналымды және тұйық жүйелерін жаппай енгізу, су шаруашылығы жүйелерін суды өлшеу мен суды реттеудің қазіргі заманғы құралдарымен жарақтандыру жолымен қолда бар су ресурстарын ұтымды пайдалану қамтамасыз етілетін болады.

Іс-қимыл стратегиясы

Су ресурстарын ұтымды пайдаланудың және қорғаудың (оңалтудың) 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы шеңберінде мынадай шараларды к о з д е у ұ й ғ а р ы л ы п о т ы р .

Елдің барлық су шаруашылығы құрылыстарын толық түгендеу мен паспорттандыру және олардың техникалық жай-күйін бағалауды жүргізу н е г і з і н д е :

гидромелиоративтік жүйелерді қайта жаңғырту;
ірі су тораптарын күрделі жөндеу;
қазіргі бар су қоймалары мен су арналарын тазарту;
ауыз судың баламалы көздері жоқ өңірлерде (Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары) сумен жабдықтаудың топтық жүйелерін қайта ж а ң ғ ы р т у ж ә н е с а л у ;

Сырдария мен басқа да өзендердің ағыстарын реттейтін гидротехникалық құрылыстар салу, бөгеттерді, дамбаларды нығайту;

су жинау құрылыстарын алдын ала жөндеу жөніндегі іс-шараларды инвестициялау басымдықтары мен кезеңдерін айқындау.

Жергілікті сумен жабдықтау көздері болған кезде жекелеген тармақтарды (сегменттерді) ағытып тастап және оларды жергілікті (жекелеген елді мекендер үшін) немесе шағын топтық (жақын орналасқан елді мекендер үшін) жүйелермен алмастыра отырып, топтық су құбырлары арқылы су беру схемасын қайта қарау қ а ж е т .

Мемлекеттік және өңіраралық маңызы бар объектілер болып табылмайтын (мысалы, бір облыстың аумағы арқылы өтетін) сумен жабдықтаудың топтық жүйелерін о р т а л ы қ с ы з д а н д ы р у .

Су ресурстары жөніндегі уәкілетті органның қарамағындағы су шаруашылығы объектілерін пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың базасында су ресурстары жөніндегі уәкілетті органға ведомстволық бағынысты облыстарда еншілес кәсіпорындары бар біртұтас республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру есебінен су шаруашылығын басқару құрылымын қайта ұйымдастыруды жүргізу.

3.3.3.5. Әлеуметтік инфрақұрылым

Міндеттер. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің желісін ұтымды дамыту арқылы мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызмет көрсетулердің жалпыға қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта әлеуметтік қызмет көрсетулердің қолжетімділігі білім беру ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативімен және ауылдық денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік стандартымен ғана реттеледі. Әлеуметтік қамсыздандыру мен мамандандырылған қызмет көрсетулер секторында - нормативтер әзірленбеген.

Сонымен қатар ауылдық елді мекендегі, сондай-ақ аудандық және облыстық жердегі халықтың санынан шыға - отырып, әлеуметтік инфрақұрылым желісіне сұранымды айқындайтын көрсетілген нормативтер сапалы сипаттамаларды (оқушы орындары санының бала санына нормативтері мен басқаларды) реттемейді, бұл инфрақұрылымды дамытуға нақты қажеттілікті айқындауға келтіреді.

Осыған байланысты:

халықтың білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілуінің ең төмен нормативтері әзірленетін;

білім беру мен денсаулық сақтау ұйымдары желісінің қолданыстағы қажеттілік нормативтері нақтыланатын және әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдары, республикалық және өңірлік маңызы бар мамандандырылған мекемелер желісінің нормативтері әзірленетін болады, солардың негізінде желіні одан әрі дамыту қажеттілігі айқындалатын болады.

Әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде өңірлік едәуір үйлеспеушілікті ескере отырып, міндеттердің басымдығынан және оларды жылдар бойынша шешу кезеңділігінен шыға отырып, басым мекемелер желісін дамытуға қажеттілікті айқындауда мақсатты (неғұрлым өзекті проблемаларды шешу) және нормативтік тәсілдерді қолдану әрі, тиісінше, құрылысын салу белгіленіп отырған бірінші кезекті объектілердің тізбесін қалыптастыру көзделеді.

Осы тәсілдер негізінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қажеттілікті айқындау және тиісті салалар бойынша басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру әдіснамасы әзірленетін болады.

Бұл ретте мақсатты міндеттер ретінде мыналар қабылданатын болады: елді мекендерде, аудандарда (қалаларда) қажеттілік нормативтеріне сәйкес қажетті желілерді, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу;

санитарлық-пайдалану нормаларына жауап бермейтін ескі және авариялық қорды, оны қайта жаңғырту немесе күрделі жөндеуді жүзеге асыру мүмкін болмайтын және оны жою (бұзу) қажет болған жағдайда, алмастыру;

әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жоғары жүктемесін жою (мысалы, мектептердегі оқытудың 3-4 ауысымдылығы).

Тұтастай алғанда, әлеуметтік инфрақұрылым желісін дамытудың негізгі принциптері мыналар болады:

нормативтік қамтамасыз етуден асып кеткен кезде - артық қуатты қайта бейіндеу мен жоюды қоса алғанда, тиісті әлеуметтік саланың желісін қайта құрылымдау;

қамтамасыз етілу жеткіліксіз болған кезде - қуатқа жетпей тұрған қажеттілікті толықтыра алатын неғұрлым аз шығынды мынадай бағыттар нұсқаларын қарастыру:

жоғары жүктемемен жұмыс істейтін (көп ауысымды оқыту және басқалар) қазіргі мекемелерді кеңейту, қайта жаңғырту;

ғимараттар мен құрылыстарды оларды әлеуметтік инфрақұрылым объектісі етіп қайта бейіндей отырып, сатып алу (беру);

осы шаралар жеткіліксіз болған кезде - жаңадан салу.

Жаңа объектілерді салу негізінен оларды қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыруды көздейтін, нақты табиғи-климаттық жағдайларға бейімделген қуаты әртүрлі үлгі жобалардың негізінде жүзеге асырылатын болады.

Әлеуметтік саланың ірі объектілерін салуды республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен бірлесіп қаржыландыру тәртібі әзірленетін болады.

Елдің барлық өңірлерінің халқына жекелеген жоғары мамандандырылған қызмет көрсетулердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсетулер жөніндегі өңірлік орталықтар (зағиптар мен саңырауларға арналған мектеп-интернаттар, мамандандырылған медициналық орталықтар, протездеу-ортопедиялық орталықтар, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттар) құрылатын болады.

Жаңа объектілерді салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңғыртудан басқа басым міндеттердің бірі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін санитарлық-пайдалану нормаларына және құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНМЕ) сәйкес келтіру, сондай-ақ жарақтандыру нормативтеріне сәйкес оларды жарақтандыру болады.

Мәдениет объектілерінің инфрақұрылымын дамыту саласында әсіресе ауылдық жерлердегі жұмыс істемейтін мәдениет объектілерін қалпына келтіру және жергілікті бюджеттердің есебінен жаналарын салу ұйғарылып отыр. Бұл ретте мәдениет объектілерін салуға (қайта жаңғыртуға) қажеттілікті айқындау кезінде нормативтік тәсілді қолдану қажет.

Іс-қимыл стратегиясы

Білім беру

Халықтың білім беру объектілерімен қамтамасыз етілуінің ең төмен нормативтерін әзірлеу.

Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативіне мынадай бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

адам саны аз елді мекендерде мектептердің жұмыс істеу тиімділігінен және оқытудың баламалы тәсілдерінің мүмкіндігінен (оқушыларды тасу және басқалар) шыға отырып, ауылдық жерлерде білім беру ұйымдары желісінің тиесілілік нормативін қайта қарау;

қалалар мен кенттердегі білім беру объектілері, сондай-ақ республикалық және өңірлік маңызы бар мамандандырылған мекемелер желісінің тиесілілік нормативін енгізе отырып, оны кеңейту.

Білім беру объектілеріне қажеттілікті айқындау және басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу.

Білім берудің орта мерзімді кезеңге арналған басым инвестициялық жобаларының тізбесін әзірлеу.

Бұл ретте республикалық бюджеттің қаражаты есебінен мыналар қаржыландырылады:

республикалық және өңірлік маңызы бар мамандандырылған білім беру мекемелерін салу (қайта жаңғырту);

ауылдар мен қалаларда 3-4 ауысыммен оқыту проблемасын шешетін, авариялық және бұзуға жататындарының орнына желімен төмен қамтамасыз етілген өңірлерде 300 орыннан астам қажетті көзделіп отырған қуаты бар ауылдық жалпы білім беретін мектептер салу (мақсатты трансферттердің есебінен).

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қалаларда, ауылдық жерлерде жалпы білім беретін мектептер (қуаты 300 орыннан аз) салу, балалардың мектепке дейінгі мекемелері желісін, бастауыш және орта кәсіптік білім беруді дамыту жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылады.

Білім беру объектілерін күрделі жөндеу, қайта жарақтандыру және жетпейтін жабдықтарды сатып алу есебінен санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ҚНМЕ-ге, жарақтандыру нормативтеріне сәйкес келтіру.

Денсаулық сақтау

Халықтың медициналық көмекке сұранымын және медицина ұйымдарының қуатын айқындау әдістемесін әзірлеу.

Бастапқы медициналық-санитарлық, консультативтік-диагностикалық және стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативтерін әзірлеу.

Денсаулық сақтау объектілеріне сұранымды айқындау және басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу.

Денсаулық сақтаудың орта мерзімді кезеңге арналған басым инвестициялық жобаларының тізбесін әзірлеу және іске асыру.

Бұл ретте республикалық бюджеттің қаражаты есебінен мыналар қаржыландырылады:

республикалық және өңірлік маңызы бар денсаулық сақтау объектілерін салу (қайта жаңғырту);

денсаулық сақтау объектілеріне сұранымды айқындау және басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру әдістемесіне сәйкес жергілікті маңызы бар басым денсаулық сақтау объектілерін салу (нысаналы трансферттердің есебінен).

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) объектілерін, консультативтік-диагностикалық және стационарлық ұйымдарды, оның ішінде кеңейту мен қайта жаңғыртуды талап ететіндерін дамыту жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылады.

Денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеу, қайта жарақтандыру және жеткіліксіз жабдықтарды сатып алу есебінен санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ҚНМЕ-ге, жарақтандыру нормаларына кезең-кезеңмен сәйкес келтіру.

Әлеуметтік қорғау

Халықтың медициналық-әлеуметтік мекемелермен қамтамасыз етілуінің ең төменгі нормативтерін әзірлеу.

Медициналық-әлеуметтік мекемелер желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін әзірлеу.

Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілеріне сұранымды айқындау және Орта мерзімді кезеңге арналған басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру.

Бұл ретте республикалық бюджет есебінен өңірлік медициналық-әлеуметтік мекемелерді (психоневрологиялық интернаттар, ақыл-есі кеміс балаларға арналған интернат үйлерін) салу (қайта жаңғырту) қаржыландырылады.

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерін, жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге қызмет көрсету жөніндегі аумақтық орталықтарды салу (қайта жаңарту) қаржыландырылады.

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлері желісін одан әрі дамыту басымдығы сыйымдылығы шағын интернат үйлері желісін, сондай-ақ кешенді сауықтыру орталықтарын дамыту болып табылады.

Олармен қатар жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі аумақтық орталықтар кеңінен дамытылатын болады.

3.3.3.6. Туристік-рекреациялық инфрақұрылым

Міндеттер. Халықтың демалуы мен денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ бәсекеге қабілетті туристік индустрияны дамыту үшін рекреациялық шаруашылыққа маманданған аймақтар қалыптастыру мақсатында рекреациялық инфрақұрылым объектілері желісін құру.

Рекреациялық инфрақұрылым объектілерінің желісін дамыту мынадай екі бағытта жүзеге асырылатын болады: туристік индустрияны дамытуға бағдарланған ұлттық және өңірлік деңгейдегі және халықтың күн сайынғы рекреациялық қажеттілігін қанағаттандыратын жергілікті деңгейдегі рекреациялық инфрақұрылым қалыптастыру.

Іс-қимыл стратегиясы

Ұлттық деңгейдегі рекреациялық инфрақұрылым қалыптастыру туристік саланы дамытудың республикалық және, қажет болған кезде, өңірлік орта мерзімді бағдарламаларын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады, о л а р м ы н а л а р д ы к ө з д е й д і :

инфрақұрылым объектілері кешенін дамытуды, туристік объектілерді ұтымды аумақтық орналастыруды, олардың материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды көздейтін елдің туристік-рекреациялық кешенін дамытудың б а с с х е м а с ы н ә з і р л е у ;

туризмнің барлық бағыттарының: экологиялық (кемпингтер, этноауылдар), іскерлік (конгрестік), танымдық, ойын-сауықтық, спорттық (тау шаңғысы және альпинистік кешендер), аңшылық және туризмнің басқа түрлерінің материалдық базасын дамыту мен жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

техникалық реттеу жүйесінде белгіленген талаптарға сәйкес туристік және қонақ үйлік қызмет көрсетулер сапасын арттыру;

өңірлердің табиғи және тарихи-мәдени рекреациялық ресурстарын игеруге, инфрақұрылымды дамытуға бағыттталатын жеке капитал тарту үшін жағдайлар ж а с а у ;

ұлттық табиғи саябақтарда, қорықтарда экологиялық туризмді ілгерілету ж ө н і н д е ш а р а л а р ә з і р л е у ;

облыстық, аудандық және қалалық деңгейлерде туристік-рекреациялық қызметті р е т т е у ж ү й е с і н ж е т і л д і р у ;

рекреациялық объектінің аумағындағы туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз е т у ж ө н і н д е ж а ғ д а й ж а с а у .

Рекреациялық шаруашылыққа маманданған аймақтарды қалыптастыру үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

Алматы қаласы мен Алматы облысында туристік кластер құру мен оны дамыту жөніндегі Шебер-жоспардың пилоттық жобасын әзірлеу және іске асыру;

Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамытудың бас жоспарын әзірлеу, үкіметаралық деңгейде (Қазақстан-Ресей) келісе отырып, "Байқоңыр" зымыран-ғарыш кешенінде сырттан келуші және ішкі туризмді ұйымдастыру үшін туристік кешен құру.

Жергілікті деңгейдегі рекреациялық инфрақұрылымды қалыптастыру өңірлерді дамытудың орта мерзімді жоспарларын, елді мекендерді дамытудың бас жоспарларын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

3.4. Аумақтардың экологиялық жай-күйін жақсарту

Міндеттер. Ұтымды табиғат пайдалануды қамтамасыз ету және қоршаған ортаға экологиялық жүктемені төмендету жолымен аумақтардың экологиялық жай-күйін және халықтың экологиялық қауіпсіздігін жақсарту.

Іс-қимыл стратегиясы

Су ресурстарының тапшылығы проблемаларын шешу және су объектілерінің сарқынды сулармен ластануын төмендету үшін мыналар көзделеді:

су объектілерінің мониторингі жүйесін дамыту және олардың пайдаланылуын мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру;

су бассейніне антропогендік жүктемені азайту және су көздеріне, рельеф пен жер қойнауына тазартылмаған сарқынды сулардың жіберілуін болдырмау;

барлық пайдаланылатын су көздерінде, су қоймаларында және басқа су объектілерінде су қорғау аймақтарын жайластыру;

калалар мен елді мекендерде тазарту құрылыстарын кезең-кезеңмен жаңғыртуды, қайта жаңғыртуды және жаңаларын салуды жүргізу.

Жайылымдар мен жыртылатын жерлердің тозуын төмендету үшін олардың шаруашылықта пайдаланылуын айқындайтын мынадай бағыттарда жер ресурстарын қорғау жөніндегі шаралар көзделеді:

топырақты, ауыл шаруашылық алқаптарын қорғау және адамның шаруашылық және өндірістік қызметіне байланысты бұзылған жерлерді қалпына келтіру;

жел эрозиясының (дефляцияның) жолын кесу үшін топырақ қорғау ісінің аймақтық жүйелерін енгізу;

агротехникалық, орман-мелиоративтік, гидротехникалық және ұйымдастыру-шаруашылық іс-шараларын қамтитын өсімдіктерді қорғау

құралдарының топыраққа теріс әсер етуін төмендету.

Зиянды заттардың атмосфераға шығарылуын қысқарту үшін мыналар көзделеді:

қоршаған ортаға және Алматы, Қарағанды, Шымкент қалалары мен елдің басқа да ірі қалалары халқының денсаулығына автокөліктің келеңсіз әсерін төмендету;

өндірістің жаңа экологиялық технологияларын енгізу, қолданылатын отынның сапасын жақсарту және қара және түсті металлургия, жылу энергетикасы, электр техникалық өнеркәсіп, тау-кен өндіру саласы объектілерінде тиімді тазарту жабдықтарын пайдалану;

жаңартылатын және дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану.

Мұнай өндірілетін аудандарда қоршаған ортаның ластану зардаптарын жою, сондай-ақ оның туындауына жол бермеу үшін мынадай іс-шаралар көзделеді:

Каспий теңізінің суға батқан мұнай ұңғымаларын тұмшалау;
көмірсутек шикізатын өндірудің тиімділігі жоғары және ресурс үнемдейтін технологияларын әзірлеу;

табиғи газды кәдеге жарату проблемаларын шешу;

Каспийді мониторингінің өңірлік орталығын одан әрі дамыту.

Өндіріс, тұтыну қалдықтарының және коммуналдық-тұрмыстық қалдықтардың қоршаған ортаға қордаланып қалу проблемасын шешу үшін мыналар көзделеді:

өнеркәсіп және тұрмыстық қалдықтарды басқаруды жетілдіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

жер үсті және жер асты суларына өнеркәсіп қалдықтарын көптеген жинақтаушылардың (қалдық сақтаушылардың, гидрокож төгінділерінің, күл төгінділерінің, жинақтаушы тоғандардың, тұндырғыштардың, тау жыныстары төгінділерінің, ҚТҚ полигондарының) әсерін бейтараптандыру;

кейіннен бос жыныстардың қалдықтарын қалпына келтіре отырып, қазіргі заманғы технологиялар бойынша қалдықтар мен "күресіндерді" қайталама қайта өңдеу және пайдалы компоненттер алу;

өндіріс, тұтыну қалдықтарын және коммуналдық-тұрмыстық қалдықтарды өңдеу жөнінде технологиялық желілер құру.

Ормандар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау үшін мыналар көзделеді:

биологиялық әртүрлілікті және биоценоздарды қалпына келтіру мен сақтау үшін орманды алқаптарды ұлғайту;

ормандарды өрттен қорғау жүйесін нығайту (Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары);

Елдің Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мен орналастыру

схемасын әзірлеу және қабылдау. Әлемдік мәдени және табиғи мұра кадастрына енгізу үшін Бірегей табиғи объектілердің ұлттық кадастрын құру.

Өндірісті экологияландыру және орнықты даму моделіне өту проблемаларын шешу үшін мыналар көзделді:

қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер белгілеу әдістемесін әзірлеу;
энергиялық тиімді және ресурс үнемдейтін өндірістік технологияларды пайдалану жөніндегі ынталандыру шараларын әзірлеу;
экологиялық апатты және радиациялық тәуекел аймақтарында экологиялық ахуалды сауықтыру;

экологиялық стандарттау және нормалау институтын нығайту. Отандық өндірушілердің ISO-9000 және ISO-14000 сериялы халықаралық стандарттарға көшуін ынталандыру.

3.5. Аумақтық дамуды институционалдық қамтамасыз ету

3.5.1. Аумақтық дамуды жоспарлау жүйесін жетілдіру

Міндеттер. Экономикалық, табиғи, еңбек әлеуетінің дамуын және халықты таратып орналастыру жүйесін тиімді аумақтық жоспарлауды қамтамасыз ету.

Әлемнің бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жүйесі және кемелденген инфрақұрылымы бар дамыған елдеріне қарағанда, Қазақстанда өңірлік дамуда сақталып отырған үйлеспеушілікті және жаңа перспективалық міндеттерді ескергенде, аумақтық даму мәселелері орталық және жергілікті деңгейлерде тиімді үйлестіруді талап етеді.

Бұл ретте елді кеңістіктік ұйымдастырудың тірек қаңқасын қалыптастыру мен дамыту, басым аумақтарды дамытуды ынталандыру, барлық өңірдің халқы үшін мемлекет кепілдік берген қызметтерге тең қолжетімділікке қол жеткізу, сондай-ақ тиімді өңіраралық және салааралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мәселелері орталықтың тарапынан басым реттеу объектілеріне айналады.

Осы мақсатта аумақтық жоспарлау жүйесінің институционалдық әлеуеті күшейтіледі және ішкі ресурстарды өздігінен ұйымдастыру және жұмылдыру бойынша өңірлердің уәждемесін күшейтуге бағытталған бюджеттік қаржыландыру тетігі жетілдірілетін болады.

Жергілікті атқарушы органдар өз өңірлерінің даму стратегияларын (бәсекелі стратегияны) әзірлеу мен іске асыруға, халықтың өмір сүруіне және экономикалық субъектілердің шаруашылық қызметіне қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге көңіл шоғырланатын болады.

Қазіргі жағдайда облыстар ұсынған қазіргі әкімшілік-аумақтық бірліктер орталықтан аумақтардың кешенді дамуын тиімді басқару мүмкін болатын (

орталық үкімет реттейтін мәселелер бойынша) қаңқалық құрылым болуын
т о қ т а т а т ы н б о л а д ы .

Өңіраралық және салааралық мүдделер мен ел мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін перспективада экономикалық макроөңірлер деңгейінде өңіраралық өзара іс-қимыл жасаудың жекелеген институттарын құру мәселелері пысықталуға тиіс (3.2-бөлім).

Бұл құрылымдар әкімшілік функцияларға емес, кеңістіктік дамуды реттеу мен жобалау-бағдарламалық жұмыстарға шоғырландырылатын болады.

Іс-қимыл стратегиясы

Орталық және жергілікті атқарушы органдар іс-қимылдарының ұтымды және өзара келісілген жүйесін, аумақтық даму мәселелерінде өңіраралық және салааралық, сондай-ақ өңірішілік өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, аумақтарды дамытуды қаржыландыру тетіктерін жетілдіру мақсатында экономикалық макроөңірлер деңгейінде өңірлік бөлімшелер қалыптастыра отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрамында аумақтық даму жөніндегі уәкілетті органды белгілеу (құру) көзделіп отыр.

Уәкілетті органның негізгі міндеттері мыналар болады:

аумақтық дамуды мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеу мен іске асыру (салааралық және өңіраралық үйлестіру, бағдарламалық-жобалау жұмыстары);

мемлекеттік және салалық бағдарламаларды аумақтарды дамытудың басым бағыттарын ескеру тұрғысынан келісу;

халықты кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың перспективалық схемаларын, жекелеген аумақтарды дамытудың мақсатты (макроөңірлік сипаттағы) мемлекеттік және салалық бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды үйлестіру;

нысаналы трансферттерді бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және бюджетаралық қатынастарды реттеу;

әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар мен арнайы экономикалық аймақтардың қызметін үйлестіру.

Осы және тиісті өңірлік Өңір халқын кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың перспективалық схемаларының стратегияларын іске асыру шеңберінде, олардың негізінде - Қазақстан Республикасының халқын кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың болжалды схемасын әзірлеу.

Нысаналы инвестициялық трансферттерді бөлудің нақты принциптері мен тетіктерін мынадай бағыттар бойынша тұжырымдай отырып, оларды өңірлерге ұсыну жүйесін жетілдіру:

өңірлердің әлеуметтік және өмір тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым желісімен қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру (өтеу сипатындағы шаралар), қолайсыз аумақтардың неғұрлым өткір проблемаларын кешенді шешу;

бірлесіп қаржыландыру мен конкурстар өткізу шарттарында, оның ішінде Дүниежүзілік Банкпен және басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық арқылы (жобаларды қарау мен сараптау, оның мониторингі Дүниежүзілік Банктің рәсімдері бойынша жүзеге асырылады) "басып оза" өсу аймақтарын қалыптастыру жөніндегі өңірлік бастамаларды селективтік қолдау.

Барлық өңірлердің халқы үшін Конституциямен және басқа да заңнамалық актілермен кепілдік берілген мемлекеттік сектордың қызмет көрсетулеріне тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бюджетаралық қатынастар жүйесін одан әрі жетілдіру және өңірлердің экономикалық белсенділігін ы н т а л а н д ы р у :

2008 жылдан бастап халықтың демографиялық құрамын, халықтың дисперстілігін, климаттық жағдайларды, көліктік қолжетімділік пен басқа да факторларды ескере отырып, бюджеттік қызмет көрсетулерді тұтынушылардың санына жұмсалатын шығындарды жоспарлауға негізделген жалпы сипаттағы ресми трансферттердің мөлшерін айқындаудың жаңа әдістемесіне көшу;

нысаналы инвестициялық трансферттерді өңірлерге бірлесіп қаржыландыру мен конкурстар өткізу шарттарында бөлу әдістемесін әзірлеу;

республикалық және жергілікті бюджеттердің, аралас әкімшілік-аумақтық бірліктері (облыстардың, аудандардың) бюджеттерінің қаражаты есебінен жобаларды бірлесіп қаржыландыру тетіктерін әзірлеу.

3.5.2. Инфрақұрылымды дамытуды реттеу тетіктерін жетілдіру

Міндеттер. Қамтамасыз ететін инфрақұрылымды үйлестірілген дамытудың тиімді схемасын жасау, оны салуға және пайдалануға арналған шығындарды оңтайландыру, ұсынылатын қызмет көрсетулердің сапасын арттыру.

Қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуды мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдірудің басым бағыттары мыналар болады:

ұлттық та, жергілікті де деңгейде инфрақұрылымның алуан түрлерін кешенді және өзара байланыстыра дамыту тетіктерін енгізу;

жолдар, мектептер, ауруханалар, жарық беру, сумен жабдықтау, қоғамдық ғимараттар және басқа да объектілер сияқты қоғамдық инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру үшін әлемде кеңінен қолданылатын мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктері арқылы инфрақұрылым объектілерін салу мен пайдалануға жеке меншік капиталды тарту.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін енгізу ұсынылатын қызмет көрсетулер сапасы елеулі, оның ішінде жеке сектордың басқарушылық дағдыларының артықшылықтары есебінен жақсарған кезде, қамтамасыз ететін инфрақұрылымды салу мен пайдалануға арналған мемлекеттік шығындарды

а з а й т у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің инфрақұрылым облигацияларын шығару сияқты нысанын іске асыру халықтың жинақтарын (жинақтаушы зейнетақы қорларының, банк секторының, пайлық инвестициялық қорлардың, қор нарығының басқа да, оның ішінде шетелдік қатысушыларының қаражаты) инфрақұрылымды дамытуға тартуға ықпал ететін болады.

Іс-қимыл стратегиясы

Инфрақұрылым жүйелерінің әртүрлі ауқымы олардың ұлттық және өңірлік деңгейлерде дамуын үйлестіруді негіздейді.

Ұлттық деңгейде ұлттық маңызы бар инфрақұрылымды дамытудың шоғырландырылған схемаларын мыналар арқылы іске асыру көзделеді:

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған Көлік стратегиясын және басқа да бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдардың көлік-коммуникация инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-қимылын жалпы үйлестіру;

"Самұрық" мемлекеттік холдингінің ұлттық компаниялардың инвестициялық жоспарларын үйлестіруі.

Өңірлік деңгейде өндірістік, энергетикалық, тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші, көліктік, телекоммуникациялық, су-шаруашылық, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымды үйлестіре дамытуды қамтамасыз ету мыналар арқылы жүзеге асырылатын болады:

халықты кеңістіктік дамыту мен таратып орналастырудың перспективалық схемаларын әзірлеу мен іске асыру;

елді мекендерді дамытудың бас жоспарларын әзірлеу мен іске асыру.

Инфрақұрылым объектілерін салу мен оларды одан әрі пайдалану кезінде мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін енгізу мақсатында мынадай шаралар іске асырылатын болады:

халықаралық сарапшыларды тарта отырып, әлемде қолданылатын мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің түрлі нұсқаларын (сервистік келісімшарттар, басқаруға арналған келісімшарттар, лизинг, концессиялық келісімдер, акциялардың мемлекеттік пакетін басқаруға беру) оларды кейіннен Қазақстанда пайдалану мақсатында зерделеу;

мемлекеттік-жеке меншік серіктестік нысандарын, сондай-ақ жобаларды ұзақ мерзімді қаржыландыру тетіктерін іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық база әзірлеу;

мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктері қолданылатын пилоттық инфрақұрылым жобалары мен қызмет салаларының тізбесін белгілеу;

пилоттық жобалардың нәтижелері бойынша оң нәтиже алынған салаларға мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін енгізу;

тікелей немесе мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларын іске асыру кезінде ұлттық компаниялардың инфрақұрылым облигацияларын шығару арқылы көлік және коммуникация саласындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру.

3.5.3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру

Негізгі міндеттер. Кеңістіктік дамуды реттеудің қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін аумақтарды басқарудың тиімді схемасын қалыптастыру.

Іс-қимыл стратегиясы

Облыстық төмен деңгейде жұмыс істеп тұрған әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдірудің негізгі бағыттары мыналар болады:

елдің шекара маңындағы бұрын таратылған жекелеген ауылдық аудандарда көрші мемлекеттер экономикасының үстемдік етуін, демографиялық қысымның күшеюін және рұқсатсыз көші-қонды болдырмау үшін оларды қалпына келтіру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өлшемдер бойынша өз мәртебесіне сәйкес келмейтін облыстық (11 қала) және аудандық (10 қала) маңызы бар қалаларды басқа елді мекендер етіп, ал кенттерді - ауылдар етіп қайта құру не көрсетілген өлшемдерді нақтылау жөнінде тиісті заңнамаға өзгерістер енгізу;

бұрын құрамына ауылдық округтер енгізілген қалалардың шекараларын ретке келтіру.

4. Күтілетін нәтижелер

Жаһандану әрі әлемдік нарықтағы қатал бәсекелік күрес жағдайында және ішкі нарықтың аз сыйымдылығын ескергенде белгіленген іс-қимыл стратегиясын іске асыру әлемдік нарықтарға шикізат ресурстарын ірі экспорттаушы және транзиттік аумақ ретінде ғана емес, елдің, ең алдымен, жоғары технологиялы тауарларды жеткізуге және өңірде сервистік қызметтердің (сауда-логистикалық, көлік-ақпараттық, қаржылық, білім беру және басқалар) кең өрісін ұсынуға бағдарланған орнықты экономикалық жүйе ретінде де ұстанымдануына мүмкіндік береді.

Бірінші кезекте елдің дамуы үшін жаңа резервтер іздестіру мен пайдалануға бағытталған мұндай стратегия:

экономикалық процестерге экономикалық субъектілердің кең аясын тартуға, сол арқылы кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыра отырып, елдің орнықты қоғамдық дамуының негізі ретінде орташа топты қалыптастыруға;

экономикалық белсенділіктің өсуін, өңірлерде бәсекеге қабілетті жаңа, ең

алдымен, шикізат ресурстарын пайдалануға байланысты емес мамандықтар қалыптастыруды, құлдырау үстіндегі индустриялық аудандарды конверсиялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кластерлік бастамаларды іске асыру өңірлердің экономикасын әртараптандыруға, олардың ірі өңір құраушы тігінен кіріктірілген компаниялардың жұмыс істеп тұруына тәуелділігін жоюға мүмкіндік береді, шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекеге қабілетті секторын қалыптастырады.

Елдің жүйе құрайтын ірі компанияларының аутсорсинг өткізуі және ірі мұнай жобаларында жергілікті құрамдас бөліктерді күшейту экспорт секторын дамытудан ішкі экономиканың аралас салаларына және өңірлерді дамытуға кең мультипликативтік әсерге, олардың ұлттық қалпына келтіру процесіне қосылуына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мұндай компаниялардың айналасында шағын және орта кәсіпорындардың кейіннен сыртқы нарықтарға да шығу әлеуеті бар көмекші, қызмет көрсетуші және қайта өңдеуші блоктары пайда болады.

Инфрақұрылым объектілерін салу мен пайдалануда мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін іске асыру жалпыэкономикалық әсерге қол жеткізумен қатар шағын және орта кәсіпкерлік үшін жаңа қызмет салаларын құруға ы н т а л а н д ы р а д ы .

Көлік-коммуникация жүйесі сыртқы жүктердің транзитін және ірі тауар өндірушілердің шикізатын экспортқа тасымалдауды ғана емес, сонымен бірге ұлттық және өңірлік ауқымдағы тиімді дамып келе жатқан экономикалық белсенділік аймақтарын негізгі көлік коммуникациялары бойымен өрістете отырып, елдің және оның өңірлерінің өңірлік және сыртқы нарықтармен кірігуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Тыныс-тіршілікті қамтамасыз етуші және әлеуметтік инфрақұрылым құру адам капиталының сапалы дамуын қамтамасыз етеді және барлық нарық субъектілерінің экономикалық қызметті жүргізуі үшін қолайлы жағдай қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Көшбасшы қалалар: Астана мен Алматының (өңірлік және еуразиялық шаруашылық жүйесінде экономикалық өзара іс-қимыл жасаудың маңызды көпфункционалдық тораптарының), елдің тірек қалаларының айналасында ұлттық және өңірлік нарықтарға кіріктірілген "басып оза" өсу аймақтары, халықтың тыныс-тіршілігі жоғары ұйымдастырылған ортасы бар елді мекендердің агломерациялары мен жүйелері қалыптастырылады.

Экономикалық әлеуетті және халықты экономикалық жағынан перспективалық және тыныс-тіршілік үшін қолайлы аумақтарға шоғырландыра отырып, елдің бүкіл аумақтық кеңістігін ұтымды игеру мен жайластыру қамтамасыз етілетін болады.

Тұтастай алғанда, 2015 жылға қарай:

Орталық Азия өңірінің индустриялық және сервистік-технологиялық орталығы, өңірішілік экономикалық байланыстарды кіріктіруші, трансконтиненттік экономикалық көпір ретінде елдің экономикалық жүйесінің негіздері;

өңірлердің бәсекеге қабілетті мамандануы және елді аумақтық-экономикалық ұйымдастырудың кластерлік даму мен кәсіпкерлікті жандандыруға негізделген жаңа модельі;

халықты таратып орналастырудың ұтымды жүйесі қалыптастырылатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
1-ҚОСЫМША

Ландшафтық-климаттық аймақтар

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына

2-ҚОСЫМША

Республика аумағын табиғи жағдайлары бойынша аймақтарға бөлу схемасы

Индексі	Табиғи ауыл шаруашылығы аймақтары	Аудан, млн. га	%	Олардың ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары, млн. га	%
I	Орманды дала аймағы	0,8	0,3%	0,5	0,2%
II	Дала аймағы	26,5	9,7%	23,5	10,6%
III	Қуаң дала аймағы	62,4	22,9%	55,5	24,9%
IV	Шөлейтті аймақ	37,2	13,7%	33,9	15,2%
V	Шөлді аймақ	112,1	41,1%	83,6	37,6%
VI	Тау етегі-шөлді-далалық аймақ	12,3	4,5%	10,2	4,6%

VII	Субтропикалық шөлді аймақ	4,4	1,6%	3,8	1,7%
VIII	Субтропикалық тау етегі-шөлді аймағы	3,5	1,3%	3,1	1,4%
IX	Ортаазиялық таулы аймақ	10,1	3,7%	7,1	3,2%
X	Оңтүстік-Сібір таулы аймағы	3,2	1,2%	1,4	0,6%
	Республика бойынша барлығы	272,5	100,0%	222,6	100,0%

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына

3-ҚОСЫМША

Алқаптар бойынша жер қорының серпіні

Алқап түрлері	1991 ж.	2000 ж.	2004 ж.	Өзгерістер, +/- 2004ж. 1991 жылға
Жердің жалпы ауданы	272490,2	272490,2	272490,2	
Оның ішінде:				
Ауыл шаруашылығы алқаптары	223115,4	222485,9	222624,5	-490,9
олардың ішінде:				
егістік	35403,9	21399,9	23230,4	-12173,5
көп жылдық	163,2	135,8	119,7	-43,5
екпелер				
тыңайған жер	277,9	8759,4	5248,4	4970,4
шабындықтар	5106,3	5015,5	5045,1	-61,2
жайылым	182164,1	187081,8	188902,6	6738,4
Орманды алаңдар және ағашты-бұталы екпелер	14290,3	14326	14318,9	28,6
батпақтар	1239,3	1105,1	1104,7	-134,6
су астында	7845,8	7716,3	7711,3	-134,5
арналар, коллекторлар астында	162,2	136,2	137,1	-25,1
алаңдар, жолдар, көшелер астында	1735,7	1455,2	1446,3	-289,4
саябақтар, гүлбақтар мен гүлзарлар астында		20,4	22,5	-22,5
Құрылыстар астында	293,8	603,4	604,5	310,7
Бүлінген жерлер	166,2	178	170,6	4,4
Өзге де жерлер	23641,5	24453,4	24349,8	708,3

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық

4-ҚОСЫМША

Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары

Облыстардың атауы	Шайылған		Дефлирленген		Су және жел эрозиясына ұшырағандар	
	а / ш алқаптары, барлығы	о . і . егістіктер	а/ш алқаптары, барлығы	о . і . егістіктер	а/ш алқаптары, барлығы	о . і . егістіктер
Ақмола	561	255	1,5	0,5		
Ақтөбе	473,1	10	2101,1	15	8,3	
Алматы	802,4	63,1	4988,7	64,8		
Атырау			3185,8			
Шығыс Қазақстан	424,9	205,2	856,9	20,2	1,4	
Жамбыл	352,6	99,3	2849	1		
Батыс Қазақстан	255,1	77,1	1900,6	7,5	178,6	63,4
Қарағанды	140,9	39,6	854,6	36,8		
Қызылорда	2,9		2914,1			
Қостанай	160,2	39,3	611,6	2		
Маңғыстау	802,8		657,8			
Павлодар	1	1546,4	445,7			
Солтүстік Қазақстан	49,9	26,1				
Оңтүстік Қазақстан	958,7	235,6	3112,9	1,1		
Алматы қаласы	1,4					
Барлығы	4986,9	1050,3	25581	594,6	188,3	63,4

таблицаның жалғасы:

Облыстардың атауы	Эрозияға ұшырағандардың жиынтығы				
	а / ш алқаптары, барлығы	оның ішінде егістіктер	олардың ішінде		
			әлсіз эрозияға ұшырағандар	орташа эрозияға ұшырағандар	күшті эрозияға ұшырағандар
Ақмола	562,5	255,5	255,5		
Ақтөбе	2582,5	25	23,1	1,9	
Алматы	5791,1	127,9	122	5,9	
Атырау	3185,8				
Шығыс Қазақстан	1283,2	225,4	212,9	12,5	
Жамбыл	3201,6	100,3	91,5	8,8	
Батыс Қазақстан	2334,3	148	135,6	12,4	
Қарағанды	995,5	76,4	62,7	13,7	
Қызылорда	2917				
Қостанай	771,8	41,3	31	10	0,3
Маңғыстау	1460,6				
Павлодар	1547,4	445,7	242,1	203,6	

Солтүстік Қазақстан	49,9	26,1	19,9	5,9	0,3
Оңтүстік Қазақстан	4071,6	236,7	216,8	19,5	0,4
Алматы қаласы	1,4				
Барлығы	30756,2	1708,3	1413,1	294,2	1

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
5-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы аумақтарының сумен қамтамасыз етілуі

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
6-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасындағы экологиялық ахуал

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
7-ҚОСЫМША

Қазақстан қалаларының әуе бассейнінің 2002 жыл ішіндегі ластану деңгейі (АЛИ₅ факт/АЛИ₅ нормасы бойынша)

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына

8-ҚОСЫМША

**Халқының саны бойынша өз мәртебесіне сәйкес
келмейтін қалалар**

Облыстардың атауы	Аудандық маңызы бар қалалар		Облыстық маңызы бар қалалар	
	қалалардың атауы	халық саны	қалалардың атауы	халық саны
Ақмола	Державин Степняк	7 , 4 4,7		
Ақтөбе	Ж е м Темір	2 , 9 2,2		
Алматы			Қапшағай Текелі	4 6 , 2 24,9
Шығыс Қазақстан	Шар	8,6	Аягөз Зырянов Курчатов	3 8 , 2 4 1 , 6 9,5
Қарағанды	Қарқаралы	9,5	Қаражал Приозерск Саран	1 1 , 2 1 8 , 2 49
Қызылорда	Қазалы	5,9		
Қостанай			Арқалық Лисаков	3 0 37,9
Солтүстік Қазақстан	Булаево Мамлют Сергеев	9 , 4 8 , 8 8,4		
Оңтүстік Қазақстан			Арыс	35,7

Көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
9-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық осі

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
10-ҚОСЫМША

Экономикалық макроөңірлер, жетекші қалалар және ұлттық деңгейдегі тірек қалалар

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
11-ҚОСЫМША

Өмір сүруге қолайлы жағдайы бар аумақтар

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
12-ҚОСЫМША

Рекреациялық мамандануы жағынан перспективалық аймақтар

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық

13-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы өңірлерінің қалыптасқан мамандануы

Облыстардың атауы	Қазіргі мамандануы
Ақмола	Көмір өнеркәсібі, құрамында алтыны бар кендерді өндіру, машина жасау, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, химия және фармацевтика өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру, туризм
Ақтөбе	Мұнай және газ өндіру, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау, электр энергетикасы
Алматы	Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, тамақ, жеңіл, құрылыс материалдарын өндіру, ағаштан жасалған бұйымдар өндіру, машина жасау, электр энергетикасы
Атырау	Мұнай және газ өндіру, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру, электр энергетикасы
Шығыс Қазақстан	Көмір өнеркәсібі, түсті металл кендерін өндіру және қайта өңдеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру, электр энергетикасы, туризм
Жамбыл	Құрамында алтыны бар кендерді өндіру, химия өнеркәсібі, газ өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру
Батыс Қазақстан	Мұнай-газ өндіру және газ өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өндірісі, ағаш өңдеу өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру
Қарағанды	Түсті және қара металлургия, көмір өнеркәсібі, машина жасау, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, туризм
Қостанай	Металл кендерін және асбест өндіру, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, электр энергетикасы
Қызылорда	Мұнай және газ өндіру, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру
Маңғыстау	Мұнай мен газ өндіру және қайта өңдеу, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібі
Павлодар	Мұнай өңдеу өнеркәсібі, көмір, қара және түсті металлургия, машина жасау, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, туризм
Солтүстік Қазақстан	Машина жасау, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, ағаш өңдеу өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру
Оңтүстік Қазақстан	Түсті металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі, электр энергетикасы, құрылыс материалдарын өндіру, туризм
Астана қаласы	Әкімшілік орталық, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, электр энергетикасы
Алматы қаласы	Әкімшілік, мәдени-білім, ғылыми және қаржылық орталық, жеңіл өнеркәсіп

Қазақстан Республикасы Президентінің

2006 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының

2015 жылға дейінгі аумақтық

даму стратегиясына
14-ҚОСЫМША

Басым кластерлер

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
15-ҚОСЫМША

Перспективалық халықаралық транзиттік дәліздер

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
16-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының темір жолдары желісін дамыту перспективалары

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
17-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары желісін дамыту перспективалары

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
18-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасында құбыржолы көлігін дамыту перспективалары

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
19-ҚОСЫМША

Электр энергиясы ток ағындарының негізгі бағыттары және олардың көздерін орналастыру

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
20-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының байланыс объектілерін орналастыру

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 28 тамыздағы
N 167 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
2015 жылға дейінгі аумақтық
даму стратегиясына
21-ҚОСЫМША

Электр генерациялаушы қуаттарды дамыту перспективалары

(қосымшаның картасын қағаз мәтінінен қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК